ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиешілер: Г.К. Бердаулетова
Э.Р. Джансеитова

2024-2025 жж

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (02.09-06.09.24ж)

Тәрбиешілер: Бердаулетова Г.К, Джансеитова Э.Р

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 02.09.2024**	**Сейсенбі 03.09.2024**	**Сәрсенбі 04.09.2024**	**Бейсенбі 05.09.2024**	**Жұма 06.09.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау.				
Балалардың іс-дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Суреттерді орналастыру» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, **Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Амандасу әдебі» Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	«Біздің топ» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру. **Қоршаған ортамен таныстыру**	«Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету Балалардың еркін әрекеттері **Сөйлеуді дамыту**	«Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы,	Күз туралы не білетінін еркін түрде әңгімелейді: Күз келді. Күннің жылуы азайды. Аспанды бұлт қаптады. Жаңбыр жиі жауады. Адамдар қолшатырмен жүреді. ағаштарда жапырақ жоқ. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп қалды. Жыл

				сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту **Көркем әдебиет,дене шынықтыру**	құстары оңтүстікке ұшып кетті. Баубақшада өнім жиналдыСуреттерден күзгі ауа райына сай киінген балаларды табады, сол суретті белгілейді. **Экологиялық тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **Ертеңгілік жаттығу №1** (құралсыз) **Кіріспе бөлім:** **І бөлім:**Бір қатар сапқа тұру,жүру,жүгіру,аяқ ұшымен,өкшесімен жүру,2-3 қатарға тұру. **Негізгі бөлім:** **ІІ-бөлім:**Жалпы дамыту жаттығулары: 1.Б.қ:Тік тұру,аяқ арасы сәл ашық 1-қолды алға 2-жоғары, 3-қапталға, 4-төменге түсіру.(5-6 рет) 2.Б.қ:Тік тұрып,қолды алға-артқа айналдыру.(5-6рет) 3.Б.қ:аяқтары иық деңгейінде,қолдары кеуде алдында,шынтақтары бүгілген,саусақтары жұдырыққа түйілген,осы күйінде қолдарын айналдыру. (5-6рет) 4. Б қ: тік тұру. 1- аяқтың ұшына қолды тізені бүкпей жеткізу. 2-бастапқы қалыпқа келу. 3- екінші аяққа 4- бастапқы қалыпқа келу (5-6рет) 5.Б.қ:аяқтары сәл ашылған,қолдары алға созылған,отырып тұру.(5-6рет) **Қорытынды бөлім:** **ІІІ-бөлім:**Бір қатармен жүру.Қояндарша секіру.Тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны				

	дұрыс пайдаланудыүйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ас ішуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын, суды аямай Тазалықты ұғайық **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Қылқалам ханшасы».** Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.	**«Тілек тілеу».** Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойғатүйеміз. Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	**- Сәлем, саған, ыстық жерім!** Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім,Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы,топтың ережесі туралы әңгімелесу.	- Қайырлы таң, Алтынкүн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым,Аман болсын, ата-анам. Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын,Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** **Жүру.** Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.		**Дене шынықтыру** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай	1 **Музыка (маман жоспары бойынша)** **Дене шынықтыру** Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен)	**Қаза тілі** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылау. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту.

			бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру **2 Музыка (маман жоспары бойынша)**	аттап өту; **Музыка(маман жоспары бойынша)**	
	Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу Сендер таңертең қайдан келдіңдер? – Қайда келдіңдер? (Балабақшаға келдік). – Сен келетін балабақша қалай аталады? – Сендердің топтарың қалай аталады? – Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Педагог, аспаз, медбике). – Балабақша ішіне саяхат жасағыларың келе ме? Саяхатқа пойызбен барамыз. «Пойыз» ойыны. – Біздің пойызымыз қандай ұзын! Пойызымызға көп вагондар тіркеліпті. Кәне, пойыздың дөңгелектері қалай айналады? Көрсетіңдерші. Ал, паравоз, баста алға, Бәрімізді басқар да.	«Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу. Жазушымен кездесу. **сөйлеуді дамыту** Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу **сурет салу** «Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қандай мамандар кітап шығару жолында қызмет ететінін фильм арқылы тамашалау. **қоршаған ортамен таныстыру** Рөлдерге еніп ойнау. **Көркем әдебиет**	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімеслесу. **сөйлеуді дамыту** Балаларға жыртылған кітаптарды түптеп, жапсырып жөндеуге беру. Өз қолдарымен жасаған кітаптармен сөрені толтыру. **жапсыру**	Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Кітаптарды қалай ажыратуға болатынын анықтау. Кітап неден жасалған? **Қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті** Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға қағаздарды желімдеу арқылы кітап жасату. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды	Кітап дүкені және кітапхана туралы балардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. **сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет** Ертегі кітап суретін салу **сурет салу**

	Піш-піш, піш-піш, біз кеттік, Жүрісті біз үдеттік. Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. **Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет** Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. «Сызық жүргіз» ойыны Тәрбиеші дәптерге орындау үшін мынадай тапсырма береді: олар үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салыңдар. **Математика негіздері**			қиюды үйрету. **жапсыру** Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Өз қалаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу. **сурет салу**	
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**					
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.					
Серуен	**№1 Серуен-бақылау. Тақырыбы:** «Сары жапырақтар»	**№2 Серуен-бақылау. Тақырыбы: «Суық жел» Мақсаты**:Балаларды	**№3 Серуен – ойын. Тақырыбы:** Ұлттық ойын «Тақия тастамақ»,	**№4 Серуен – бақылау. Тақырыбы: «Бұлттарға бақылау жасау» Мақсаты:** Балаларға	**№5 Серуен – ертегі. Тақырыбы: «Қанатты дән жайлы ертегі» (Сказка о крылатке) Мақсаты: А**ғаштар	

	Мақсаты: Балалардың күз туралы түсініктерін қалыптастыру. Күздің құбылыстарымен таныстыру. Күздің құбылыстары: күннің суытуы, құстардың жылы жаққа ұшуы, жапырақтардың сарғайып, жерге түсуін түсіндіру. Ойлау қабілеттерін арттыру. **Серуеннің құралдары:** сыпыртқы, күрекшелер, шелек. **Күз келді** Қоңырқай күз келіпті. Құрап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты. **Серуеннің барысы:** **І. Бақылау:** Балалармен таза ауаға серуенге шығу. Жыл	таза ауауға серуенге шығарып, табиғат құбылысы күзгі суық желдің бағытын лентамен анықтатып үйрету. Жазғы желмен күзгі желді салыстырту. **Серуеннің құралдары:** сыпыртқы, күрекшелер **Тербеледі ағаштар** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі. **Бақылаудың барысы:** **І. Бақылау.** Балалармен таза ауаға серуенге шығу. Жыл мезгілі, ауа – райы жайлы әңгімелесу, бақылау. **ІІ**. Жел туралы түсінік беру. Күзгі желмен жазғы желдің айырмашылығын түсіндіру. - Күзде қандай жел соғады екен? - Жылы жел қай	«Қыз қуу» **Мақсаты**: Қазақтың ұлттық ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру. «Тақия тастамақ», «Қыз қуу» ойындарының ережесін түсіндіру. Ойынның шартын бұзбай ойнай білуге тәрбиелеу. **Серуеннің құралдары:** сыпыртқы, күрекшелер. **Ойынға қажетті құралдар:** ойыншық екі ат, қамшы, тақия. **Серуеннің барысы:** **І. Ойын:** Балалармен таза ауаға серуенге шығу. Жыл мезгілі, ауа – райы жайлы әңгімелеу. **ІІ.** - Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? - Неге бұл ойындарды ұлттық	аспандағы бұлттарды бақылатқыза отырып, олардың неге ұқсайтындарын ажыратқызып, әңгімелету. **Барысы:** **І.** Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау. Жыл мезгілінің өзгерісін бақылату. **ІІ**. – Балалар, аспанға қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар? Аспанда бұлттар бар күн бар. Бұлттардың түсі қандай болады екен? Аспан ашық күндері бұлттар ақ болады, оларды ақша бұлттар деп атайды. Ал жауынды күні бұлттардың түсі қара болады, ондай күнді бұлтты күн деп атайды. Ашық күні асапндағы бұлттарды әр түрлі бейнеге ұқсатуға болады, аспанға қараңдаршы бұлттар неге ұқсайды? (әр түрлі жануарларға ұқсатуға болатынын	табиғат құбылысы –жел жайлы білімдерін бекіту. **Көрнекілігі:** Үйеңкінің «дәні» **Барысы:** **І**. Бүгінгі ауа райын, жыл мезгілінің ерекшелігін бақылап, әңгімелеу. **ІІ.** Ертегі. Бір күні жел ұшып жүріп, шаршаған соң мына үйеңкі ағашына отырып дем алады. Ол дем алып тырып бір қызық жағдайды көреді. Ол – мына жұқа әрі нәзік қанаттың ұшып бара жатқанын көреді. (Үйеңкінің қанатты дәнін көрсету). Сендер кімсіңдер? - деп жел олардан сұрады. Біз нәзік қанаттармыз, үйеңкінің балаларымыз. Біз ұшқанды жақсы көреміз, дейді олар. Сендер бір ғана қанатпен қалай ұшасыңдар? – деп сұрадыжел. Сен бізді үрле, біз саған қалай ұшатынымызды көрсетеміз, -деді қанаттар. Жел оларды үрлеп еді олар ақырын қалықтап ұша бастады. Желге бұл көрініс

	мезгілі, ауа – райы жайлы әңгімелесу, бақылау. **II**. Сары алтындай сары күздің сары жапырақтарын балаларға жината отырып, сарғаюын түсіндіру. - Балалар, қараңдаршы жапырақтардың түсі қандай? - Неге олар сары түске өзгерді, қалай ойлайсыңдар? - Жапырақтар неге жерге түсіп жатыр? Сап – сары ала теректер, Сап – сары ала атырап. Сәл тербесе самал жел, Түсіп жатыр жапырақ. **III. Еңбек.** Балалармен ойын алаңын жапырақтан тазалау, жапырақтарды	кезде соғады? - Мына айналмаққа қараңдаршы, осы айналмақтың айналуына қарап желдің қай бағытта соғып тұрғанын анықтауға болады. (Айналмақпен желдің бағытын бақылату) **Жаңылтпаш** Қаштым қатты – ақ, Ұшты қалпақ. **III. Еңбек.** Балалармен ойын алаңын жапырақтан тазалау, жапырақтарды сыпырып, қоқыс жәшігіне салу. Шашылған құмдарды құм салғышқа тәрбиешінің көмегімен салу. **Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу. Еңбектене білуге тәрбиелеу **III. Қозғалмалы ойындар. «Қасқыр мен қояндар»,**	деп атайды? - Сендерге ойын ойнаған ұнайды ма, неге? - Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Біз бүгін «Тақия тастамақ» және «Қыз қуу» ойынын ойнаймыз. **III. Қозғалмалы ойындар.** Балалармен қимыл қозғалысты ойындарын ойнату. **«Тақия тастамақ», «Қыз қуу».** **Мақсаты:**Балалар ды ойын ойнату арқылы қимыл – қозғалыстарын арттыру. Дене бітімдерін жетілдіру. **IY Еңбек.** Балалармен ойын алаңын жапырақтан тазалау, жапырақтарды сыпырып, қоқыс жәшігіне салу.	айту, ажырату) **Бұлт** Аспан бұлттқа толып кетті, Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бөшке болып, Бір бұлт шықты ешкі болып. **III. Қ\О «Күн мен бұлт»** **Мақсаты:** Балалардың құбылыстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Құбылыстарды ажыратып, қимыл қозғалыстарын, шапшаңдықтарын ажырату. Жерге таяқшалармен бұлттардан пайда болған бейнелерді бейнелету. Өз еріктерімен ойындар ойнау **IY**. **Еңбек** Ойын алаңында жерге түскен жапырақтарды сыпыру.	өте қызық көрінді, «қалай әдемі ұшасыңдар, мен де үйреніп аламын» деп жел қызығып қарп тұрды. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қойып, желге сипаттама беріп, әңгімелесу. **III. «Жел соғады...» ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, шапшаңдықтарын, қызығушылықтарын арттыру. Достыққа тәрбиелеу. **IY.** Ойын алаңын сыпыру. Өз еріктерімен түрлі ойындар ойнау.

	сыпырып, қоқыс жәшігіне салу. Шашылған құмдарды құм салғышқа тәрбиешінің көмегімен салу. **Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу. Еңбектене білуге тәрбиелеу. **Мақал:** Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. **IY. Қозғалмалы ойындар.** Балалармен қимыл қозғалысты ойындарын ойнату. **«Құлыншақтар», «Тышқан мен мысық».** **Мақсаты:** Балаларды ойын ойнату арқылы қимыл – қозғалыстарын арттыру. Дене бітімдерін	**«Апандағы аю»** **Мақсаты:**Балаларды ойын ойнату арқылы қимыл – қозғалыстарын арттыру. Дене бітімдерін жетілдіру.	Шашылған құмдарды құм салғышқа тәрбиешінің көмегімен жинау. **Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу. Еңбектене білуге тәрбиелеу. **Мақал:** Еңбек етсең емерсің.		

	жетілдіру.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Сюжеттік-рөлді ойын: «Шаштараз».** Мақсаты: балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып,	**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Балалар ойын	**Дидактикалық ойын"Басқаша айт".** Мақсаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты	Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. **құрастыру**	Бұрыннан білетін домалақтау тәсілімен алманы жасаймыз. Алманың сабағын орналастыратын жерді саусағымызбен

	шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету.Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.	алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойынкезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңынаеріп жүреді.	лақтырып, жалпы ұғымды атайды, бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел)	Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру	шұңқырлаймыз. Сабағы мен жапырағын жасап, шұңқырға орналастырамыз. Алмұртты жасау үшін, алмадан үлкендеу дөңгелек жасап, жоғарғы жағын сопақша пішінге келтіріп созамыз. Сыртын тегістейміз. Жасаған жемістеріңді жәшікке салыңдар.**Мүсіндеу.**
Балалармен жеке жұмыс	**«Әдемі кілемшелер».**	**Жаңылтш жаттайық.**	**Кел, жазайық.** Мақсаты:	**Артикуляциялық жаттығу.**	**Кел, санайық**-ге

	Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемшежасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды	Доп деп,Дөп теп. Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. Қырқада қырық арқарбар. Қырық арқарда ақ арқарбар. Алты арқарда марқа арқар бар.	тиянақтылыққа, көркемжазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігінбекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.	1) Ара болсаң, ызыңдаЗ-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-Жұмыс істе,тығылма. - Ара қалай дыбыс тайды?(з- з-з) – қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе –бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдіңіші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.	дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту**).				
Серуен	**Жыл мезгілі, ауа – райы жайлы әңгімелесу, бақылау.Күз келді «Құлыншақтар», «Тышқан мен мысық».** **Мақсаты:** Балаларды ойын ойнату арқылы қимыл –қозғалыстарын	**Жыл мезгілі, ауа – райы жайлы әңгімелесу, бақылау Қозғалмалы ойындар. «Қасқыр мен қояндар», «Апандағы аю»** **Мақсаты:**Балаларды ойын ойнату	**Жыл мезгілінің өзгерісін бақылату. Серуен – ойын.** Балалармен таза ауаға серуенге шығу. Жыл мезгілі, ауа – райы жайлы әңгімелеу. - Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?	**Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау. Жыл мезгілінің өзгерісін бақылату.** **Қ\О «Күн мен бұлт»** **Мақсаты:** Балалардың құбылыстар жайлы түсініктерін	**Бүгінгі ауа райын, жыл мезгілінің ерекшелігін бақылап, әңгімелеу. «Жел соғады...» ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, шапшаңдықтарын, қызығушылықтарын

	арттыру. Дене бітімдерін жетілдіру.	арқылы қимыл – қозғалыстарын арттыру. Дене бітімдерін жетілдіру.	- Неге бұл ойындарды ұлттық деп атайды? - Сендерге ойын ойнаған ұнайды ма, неге? - Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Біз бүгін «Тақия тастамақ» және «Қыз қуу» ойынын ойнаймыз.	қалыптастыру. Құбылыстарды ажыратып, қимыл қозғалыстарын, шапшаңдықтарын ажырату. Жерге таяқшалармен бұлттардан пайда болған бейнелерді бейнелету. Өз еріктерімен ойындар ойнау	арттыру. Достыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың үйіне қайту	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескеру.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін еске рту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

Тексерілді: Әйгүл Ахметбекова А

Дидактикалық ойындарды балалардың тас ерекшеліктеріне сай алу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (09.09-13.09.24ж)

Тәрбиешілер: Бердаулетова Г.К, Джансеитова Э.Р

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 09.09.2024**	**Сейсенбі 10.09.2024**	**Сәрсенбі 11.09.2024**	**Бейсенбі 12.09.2024**	**Жұма 13.09.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау. **Балалармен жеке жұмыс.** Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсетіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**				
	Еңбек. Мақсаты:Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. «Отбасы» суретін көрсету. Міндеттері: Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы	Шығармашылық әрекеттер. «Әжемнің кәмпиттері» Міндеттері: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Құрылыс	«Анаға сыйлық» Міндеттері: сыйлық жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету. Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау Өз қолдарымен	«Ата мен әже» Міндеттері: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға баулу. олардың суреттін

	мүшелерін атуын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы <u>әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып сөйлеуді үйрету.</u> «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)**	түсініктерді бекіту. Ермексаз,сазбалшық, кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу Балалардың қалауы бойынша домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермексаздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	орталығында жануарлар отбасына үйшік құрастыруды меңгерту. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру дағдыларын дамыту **(құрастыру)**	сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша орталықтарға бөлініп табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету. Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. Қағаздан жасалған гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру) (сурет салу) (сөйлеуді дамыту)**	қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу. «Бес саусақ» өлеңін айтқызу Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **Ертеңгілік жаттығу№2** (құралмен) **Кіріспе бөлім:** **І бөлім:**Колоннада жүру,жүгіру,2-3 қатарға тұру. **Негізгі бөлім:** **ІІ-бөлім:**Сылдырмақпен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары: 1.Б.қ. –тік тұру, аяқ алшақ, сылдырмақ төменде; 1-3 сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату; 2-4- б.қ. (4-5рет)				

	2.Б.қ.-аяқ арасы иық деңгейінде,сылдырмақ қолда 1-3- сылдырмақты алға созу; 2-4- артқа тығу; (4-5рет) 3.Б.қ.аяқ арасы сәл алшақ,сылдырмақтар қолда 1-3-оңға бұрылу сылдырлату 2-4-солға бұрылу сылдырлату;(4-5рет) 4.Б.қ:аяқтары сәл ашылған,сылдырмақтар қолда,қолды кеуде тұсына қою,қос аяқпен секіру.(4-5 рет) 5.Сылдырмақпен жеңіл жүгіру; **Қорытынды бөлім:** **ІІІ бөлім:**Жүру,жүгіру.Тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз «Менің отбасым», «Менің анам және әкем», «Мен аға әпкем, іні қарындасым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына		**Дене шынықтыру** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта	**Музыка 1 (маман жомпары бойынша** **Дене шынықтыру** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Қолды алға, екі жаққа, жоғары	**Қазақ тілі** сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен

	апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден жүру; *Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. *Секіру.* заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. <u>Қимылды ойын:</u> Өз түсіңді тап.		қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру; *Тепе-теңдікті сақтау*. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр),	көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық) *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің	сөйлей білуді дамыту. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету «Отбасы» суретін көрсету. Міндеттері: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Тәрбиеші көмекшісімен бірге рөлдік ойын ойнау. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде дамыту

			бойымен жүру. *Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру; Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық. **Музыка 2 (маман жомпары бойынша**	артынан бірі сапқа тұру. Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу	
	Дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың(р, л) дыбыстарды анық айтуды үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Алия құыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту	Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту) (Қоршаған ортамен**	Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адам туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.** Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып қуану сезіміне бөленуіне жағдай жасау. **(көркем әдебиет)** Әженің қоржынынан	Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** **(сөйлеуді дамыту)** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын ,	Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Бәріміз бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді тәрбиеші апайға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру.

	(сөйлеуді дамыту) Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **(Сурет салу) (Мүсіндеу)**	**таныстыру) (математика негіздері)**	шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту. Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту **(математика негіздері)**	тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы қиюда қолдану. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу. **(көркем әдебиет)**
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	**№6Серуен – танысу**. Тақырыбы: «Тікенекті дос» (Кірпі туралы әңгіме) Мақсаты: Кірпі	**№7 Серуен – саяхат** . Тақырыбы: «Балабақша ауласына саяхат» Мақсаты: Балалармен балабақша ауласында мақсатты саяхат құру.	**№8 Серуен – бақылау.** Тақырыбы: «Кішкентай бақылаушылар» Мақсаты:	**№9 Серуен – тамашалау.** Тақырыбы: «Табиғат неткен тамаша!» Мақсаты:	**№10 Серуен – қызықтау.** Тақырыбы: «Қызықтау серуені» Мақсаты: Қоршаған ортадағы тіршілікті қызықтау мақсатында ой-

	туралы әңгімелесу. Оның ерекшелігі жайлы айту. Көрнекілігі: Кірпінің терісі. Барысы: I. Лентамен желдің бағытын бақылау, бүгінгі ауа райын анықтау. Жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қойып әңгімелесу. II. - Балалар, қараңдаршы, мынау не? (Балалар жауабы: бұл кірпі) Дұрыс айтасыңдар, қараңдаршы оның басы, денесі, аяғы болады екен. Арқасы осындай тікенекті болады. Ол өзіне төнген қауіпті сезсе басын, аяғын осы тікенектің ішіне тығып, қорғанады екен. Кірпінің баласы туғанда саңырау, көзі көрмейтін, инелері жоқ болып туады. Оның тікендері бірте-бірте өседі.	Ересек топ балаларының ойын алаңдарымен таныстыру, олардың ойын-әрекеттерін бақылау. Күз мезгілі жайлы әңгімелесу. Сөздік қорларын дамыту. Серуеннің барысы: Бүгінгі ауа райын бақылау. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою. Бақша ауласында мақсатты серуен құру. Ересек топтардың ойын алаңдарын таныстыру, олардың ойын - әрекеттерін тамашалау. Қазір жылдың қай мезгілі? Күз айларын білесіңдер ме? Қазір күздің қай айы? Күз мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады екен? Бұлттар төніп, Ойнай алмай... Жерге төгіп, Дымқыл тұман болады. Шөп сарғайып, Өзі тайып,	Балаларды ауа райын бақылап әңгімелей алуға үйрету. Салыстыру, бақылау, байқау қабілеттерін дамыту. Серуеннің барысы: Желдің бағытын айналмақ арқылы бақылау, бүгінгі ауа райын, аспанды бақылату. Ауа райына назарларын аудару. Бүгін ауа райы қандай? Кешегі ауа райы қандай болып еді? Күн ашық па, әлде бұлтты ма? Жел бар ма? Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің? Теңіз жақтан келемін, Жел үрлесе желемін. III. Ойын	Балабақша айналасындағы ең көрікті жерді таңдап, бақылау жасау. Табиғаттың сұлу көркіне балалардың қызығушылық сезімдерін арттыру. Бақылау, әңгімелеу дағдыларын жетілдіру. Табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу. Серуеннің барысы: Бүгінгі ауа райын бақылау. Жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қою. Табиғат неткен тамаша, Қызыға мен қараймын, Табиғаттан жаралдым, Табиғаттан нәр алдым, Табиғатқа бас ием! Күз мезгілінің ерекшелігін бақылатып,	өрісін дамыту, табиғатта болған өзгерістерге назарларын аударту. Серуеннің барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. Кіріспе сұрақтарын қою. II. Құс ұясын бұзбайық! Жұмыртқасын алмайық! Обалына қалмайық! Тақия тұзақ салмайық! Қарғысына қалмайық! - Өлең не туралы айтылған? Біздің аулады құстың ұялары бар ма? Олар қандай? Балалар назарын өсіп тұрған шыршаларға аудару. Кішкентай шыршаларымыз қалай өсіп тұр? Түсі қандай? Олар әлі жас шыршалар. Оларға адамдар қамқорлықпен қараса, шыршалар үлкен, әдемі болып өседі. Құмды құм салғышқа үю. Қ\О «Кім жылдам», «Қоян,қоян» Мақсаты: Топпен бірлесіп

	Олар құрттарды, жәндіктерді жейді. Қыста олар ұйқыға жатады. Жұмбақ жасыру. Жұмбақ. Дегендей ешкім тимесін, Алыпты қадап инесін. (Кірпі) III. Қ\О «Ақ қоян» Мақсаты: Балалардың шапшаңдықтарын арттыру. Достыққа тәрбиелеу. IY. Еңбек әрекеті. Ойын алаңында шашылған қоқыстарды жинап, қоқыс шелегіне салу.	Дала сұры қашады. Денең мұздап тоңады, Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? III. Ойын алаңын қоқыстан тазалау. Мақсаты: Балаларды еңбек етуге үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. IY. Қ\О «Арқан тарту», «Ат жарысы» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттыру, бұлшық етерін жетілдіру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	алаңындағы жапырақтарды сыпыру. Мақсаты: Балаларды бірлесіп еңбек етуге үйрету. Еңбек сүйгіштіке тәрбиелеу. IY. Қ\О «Апандағы аю», «Толқиды теңіз». Мақсаты: Ойын шартын бұзбай тату ойнауға тәрбиелеу.	сұлулығын әңгімелеп, табиғат көркін тамашалату. Айнала қандай? Неге алтынға теңейді? Сендерге күзгі табиғат несімен ұнайды? III. Қ\О «Ақ серек, көк серек», «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Қимыл-қозғалыстарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. IY. Ойын алаңын сыпырып, тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.	ойнауға дағдыландыру. Достыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.				

	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың іс- дербес әрекеті	«Аналарымызға арналған моншақ» Міндеттері: моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» **(математика негіздері)**	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** «Шама» Міндеттері: Ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)** Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	«Нешеуміз?» Міндеттері: тақпақты қайталап айтуын ұйымдастыру **(көркем әдебиет)** Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет және жапсыру жұмыстарын ұйымдастыру.	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру. Екінші топқа ермексаздан торт жасауды меңгерту **(мүсіндеу).** Еркін іс әрекеттер	«Тақия» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша аталарға арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу,**

	(Мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер				**жапсыру)** Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	жаңылтпаштарды қайталау. Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. (**сөйлеуді дамыту – коммуникативті іс-әрекет**)	"Ойыншық туралы әңгіме" Мақсаты: сүйікті ойыншық туралы қысқаша әңгіме құра білу. (**сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет**)	Балаларға арналған әндерді тыңдау, ән айту, би қабілеттерін дамыту. (**шығармашылық қызмет**)	Отбасындағы және қоғамдағы бала: Мақсаты: отбасы мүшелері туралы білімді бекіту, олардың аттарын атай білу. (**қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік қызмет**)	ермексазбен жұмыс
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	**Лентамен желдің бағытын бақылау, бүгінгі ауа райын анықтау** . Тақырыбы: «Тікенекті дос» Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	**Бүгінгі ауа райын бақылау** Тақырыбы: «Балабақша ауласына саяхат» Қ\О «Арқан тарту», «Ат жарысы» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттыру, бұлшық етерін жетілдіру, ұлттық ойындарға деген	**Желдің бағытын айналмақ арқылы бақылау, бүгінгі ауа райын, аспанды бақылату** Тақырыбы: «Кішкентай бақылаушылар» Қ\О «Апандағы аю», «Толқиды теңіз». Мақсаты: Ойын шартын бұзбай тату ойнауға тәрбиелеу.	**Бүгінгі ауа райын бақылау.** Қ\О «Ақ серек, көк серек», «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Қимыл-қозғалыстарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. IY. Ойын алаңын сыпырып, тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.	**Бүгінгі ауа райын бақылау**. Қ\О «Кім жылдам», «Қоян,қоян» Мақсаты: Топпен бірлесіп ойнауға дағдыландыру. Достыққа тәрбиелеу.

		қызығушылықтарын арттыру.			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Тексерілді: Айгүл Адилбекова. А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы Запта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (16.09-20.09.24ж)

Тәрбиешілер: Бердаулетова Г.К, Джансеитова Э.Р

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 16.09.2024**	**Сейсенбі 17.09.2024**	**Сәрсенбі 18.09.2024**	**Бейсенбі 19.09.2024**	**Жұма 20.09.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Бауырсақ» Міндеттері: Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі	«Бауырсақ» Міндеттері: Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету Бауырсаққа	«Үйшік» Міндеттері: Шағын үйшік салуды үйрету Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу **(құрастыру) (сурет**	Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Суреттегі ертегі кейіпкерлерін	«Ойыншықтар жәрмеңкесі» Міндеттері: жәрмеңке ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойынан ертегі құрастыру дағдысын дамыту.

	желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. **(көркем әдебиет)**	арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)**	**салу)**	салысытыру, санау **(математика негіздері) (көркем әдебиет)** Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**	Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. Біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(математика негіздері) (көркем әдебиет**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті**). Ертеңгілік жаттығу №3 (құралсыз) Кіріспе бөлім: I бөлім:Бір қатар сапқа тұру,жүру,жүгіру,аяқ ұшымен,өкшесімен жүру,2-3 қатарға тұру. Негізгі бөлім: II-бөлім:Жалпы дамыту жаттығулары: 1.Б.қ:аяқ иықтың деңгейінде,қол алға созулы,қолды кезек-кезек қайшылау.(5-6рет) 2.Б.қ.: аяқ алшақ, қол белде; 1-қолды екі жаққа созу; 2- жоғары көтеріп, аяқ ұшына көтерілу; 3-қолды екі жаққа созу; 4-б.қ.(5-6 рет) 2.Б.қ. аяқ алшақ, қол желкеде; 1-денені оңға бұру, 2- қолды екі жаққа созу, б.қ. келу; дәл солай сол жақпен қайталау.(5-6рет) 3. Б.қ. аяқ иық деңгейінде сәл ашылған,қол белде 1-3-Аяқтың ұшына көтерілу, 2-4-кері түсу. (5-6 рет) 4.Б.қ:аяқ арасы алшақ,қолдарын жоғары созу.Сол жаққа иіліп,қолдарын бастан асырып шапалақтау.Б.қ,келу.Дәл				

	солай оң жақпен қайталау. (5-6рет) 5.Б.қ:қолды белге қойып,аяқтарды біріктіріп тұру. Бір орында тұрып секіруді,жүгірумен алмастыру. Қорытынды бөлім: ІІІ бөлім:Жүру,жүгіру.Тыныс алу жаттығуы- «Жапырақ»				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Ерте тұрып күнде мен Терезені ашамын -Сәлем!,-деймін күнге мен Шаттық әнге саламын -Қайырлы таң апашым! деймін келіп апама Қайырлы таң аташым! деймін келіп атама Қайырлы таң, достарым! деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Музыка(маман жоспары бойынша) Дене шынықтыру(маман жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) Музыка(маман жоспары бойынша)**	**Қазақ тілі (маман жоспары бойынша)**

	Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.Сөйлемдегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру,әңгімеге қатысуға баулу.Отбасы суретін көрсету. Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы мүшелерін атауын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет)**	Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Пішіндер туралы түсініктерін бекіту.Текшеден дөңгелек пішіндерді киып алуға үйрету.Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суре тін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мусінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** «Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып үйшік құрауға дағдыландыру. Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. **(құрастыру)**	Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету**(сөйлеуді дамыту)** Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. **(сурет салу)** Ермексаздан торт жасауды менгерту **(мүсіндеу).** Қағаздан жасалған гүл себетіне үсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)**	Ата мен әжелерінің суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу. «Бес саусақ» өлеңін айтқызу Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары.Тыңдал ған санамақты жатқа айтуға баулу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

		Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**			
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№11 Серуен - бақылау** Тақырыбы: «Үлкендер еңбегі» Мақсаты: Балалармен бақша ауласында мақсатты серуен құру. Үлкен адамдар еңбегін бақылап, балалардың атқаратын еңбектерімен салыстыру. Серуеннің барысы: Бүгінгі ауа райын бақылау. Жедің бағытын анықтау. Бақша ауласында серуендеу кезінде	**№12 Серуен – Экскурсия** Тақырыбы: «Жол жүргенде абай бол!» Мақсаты: Балалардың көше тәртібі, жол жүру ережелері жайлы білімдерін кеңейту. Серуеннің барысы: Ауа райына бақылау жасау. Лента арқылы желдің соғу бағытын анықтау. Жыл мезгілі жайлы әңгіме жүргізу. Балаларды сапқа тұрғызып, Қабанбай батыр көшесіне алып бару. Балалар, не көріп	**№13 Серуен - ойын** Тақырыбы: «Қылқалам шеберлері» Мақсаты: Балалар күз мезгілінде берілетін табиғаттың сыйы-көкеністер немесе жемістердің суреттері жерге бұталармен немесе асфальтқа түрлі борлармен салады. Балалардың әртүрлі пішіндерді салуға қолдарын жаттықтыру. Саусақ маторикаларын дамыту. Серуенің барысы: Ауа райын бақылау.	**№14 Серуен – жұмбақ** Тақырыбы: «Сипаттама» Мақсаты: Затты нақты сипаты арқылы табуға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Көркемдік сөздермен өз көңіл күйлерін жеткізе білуге дағдыландыру. Серуеннің барысы: Айналмақ арқылы желдің бағытын, бүгінгі ауа райын бақылап, кешегі күн ауа райымен салыстыру. Верандаға келіп, айналадағы заттарды, құбылыстарды	**№15 Серуен – қорытынды** Мақсаты: Балалардың күз туралы білімдерін жетілдіру, қорытындылау. Күздің сыйларын қайталау, есте сақтауларын, тілдерін дамыту. Табиғаттың әр құбылысынан әсемдікті көруге тәрбиелеу. Серуеннің барысы: Ауа райын бақылау. Жыл мезгілі қандай? Бүгін ауа райы қандай? Күн қандай? (Күн ашық немесе бұлтты) Қызыл, сары кемелер, Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. - Бұл не деп ойлайсыңдар? (Балалар ойланады, әр түрлі

	үлкендердің еңбектеріне назар аударту. Балалар, аулада еңбек етіп жүрген апайға қараңдаршы, ол не істеп жүр? Қалай ойлайсыңдар, ол кісі неге ауланы сыпырып, тазалап жүр? Сендер апайға қандай көмек көрсетер едіңдер? (Балалар жауабы тыңдалып, ойларын толықтыру.) Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айтқызу. 1. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей. 2. Еңбек етпеген – ішіп жемейді. 3. Еңбек - ерлікке жеткізер. Ойын алаңын	тұрсыңдар? (Көліктер, үлкен жол, т. б) Көліктер өте көп екен. Олар қайда барады деп ойлайсыңдар? - Мына жұмбақтың шешуін тауып көріңдерші: «Қызыл көзім – тұр дейді, Сары көзім – дайындал дейді, Жасыл көзім – жүр дейді». Бұл не? Дұрыс шештіңдер, бұл - бағдаршам. Осы жерден бағдаршам көріп тұрсыңдар ма? Оның неше көзі бар екен? Түстері қандай? (Әр түсінің қызметін түсіндіру) Бағдаршамға көліктер мен адамдар не үшін бағынады? Адамдардың бағынатын бағдаршамы екі көзді болады, ал көліктер	Бүгінгі күн жайлы кіріспе сұрақтарын қою, әңгімелеу. - Жыл мезгілі қандай? Күзде қандай өзгерістер болады екен? Бақшаларан не жинаймыз? Күз мезгілі бізге қандай сыйын тарту етті? Ендеше осы керемет сыйды асфальт бетіне түрлі борлармен салайық. Балалардың сурет салуы. III. Д\О «Кім байқағыш» Ханшайым қылқалам балалар сала алмаған көкеністер мен жемістердің суретін салады. Балалар оның не салғанын ажырату керек. Қып-қызыл қызан, Бақшада өседі. Қып-қызыл алма, Ағашта өседі. IY. Бау-бақшадағы	сипаттап жасыру. Мысалы: Өзі сары, ол ағаштан жерге түсіп жатыр (жапырақ), оның түсі сары-қоңыр, онымен жылы күндері ойнауға болады, салқын күндері олда суық болады, онымен ойнаған өте қызықты (құм), т.с.с Жұмбақ шешу Тепсем тебілмейді, Көмсем көмілмейді. (Көлеңке) III. Ойын: «Үй артында қол ағаш» Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Барысы «Тіл дамытудың ғажайып әлемі» 67-бет. IY. Ойын алаңын сыпыру. - балаларды тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың ерікті ойындары. Ойын барысында тату ойнауларын қадағалап, достыққа тәрбиелеу.	жауаптар а йтуы мүмкін) Бұл жапырақ. Күзде жапырақтардың түстері қандай болады екен? Жел соқса жапырақтар қайтеді? Ойын алаңынан әдемі жапырақтарды жинау. Одан әр түрлі бейнелер жасауға болатынын айту. IY. Ойын: «Ақ серек, көк серек» Мақсаты: ұжымдық ойынға тәрбиелеу. Балалардың өз қалаулары бойынша ойындар ойнау. Киімдерін қағып, саппен топқа оралу.

	қоқыстан тазалау. Мақсаты: Еңбекетуге дағдыландыру. Тазалыққа, еңбексүйгіштікке, тәрбиелеу. IY. Қ\О «Аққу, қаздар», «Айгөлек» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, достыққа тәрбиелеу.	үш көзді бағдаршамға бағынады екен. Көліктер, жаяу жүргіншілердің бағдаршамға қалай бағынатынын бақылату, түсіндіру. Көлік түрлерін ажыратқызу. Жолдан жаяу өтердегі жол ережесін түсіндіру. Қ\О «Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер» Мақсаты: жол жүру ережелерін сақтауға, жол белгілерін тани білуге үйрету. IY. Шашылған құмды құмсалғышқа күрекшелермен жинау. Қоқыстарды жинау.	қураған шөптерді жұлу. Ойын алаңын тазалау. Балалардың өз қалаулары бойынша ойындар ойнау.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз.			

	Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Тәулік бөліктері» Міндеттері: Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. **(математика негіздері)** «Бауырсақ» Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау, ертегі кейіпкерлерін	«Бауырсақ» Міндеттері: Бүгін кім келгенін естеріне түсіру. Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру Құратырмалы ойынышықтардан Бауырсаққа үй құрастыру. Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа	«Торай» Міндеттері: ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші) Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу**.** Сюжеттік мүсіндеу. Фланелеграфта ертегі	«Үш торай және бауырсақ» Міндеттері: ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	«Ертегілер елінде» Міндеттері: Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін

	ретімен фланелеграфта жапсыру. **(мүсіндеу, жапсыру)**	қарай жапсыруды пысықтау **(Құрастыру) (Математика негіздері) (Жапсыру)**	кейіпкерлерін жапсыру **(Сурет салу, Жапсыру, Мүсіндеу) (Математика негіздері)**		суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Тіл ұстарту жаттығулары Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. **(сөйлеуді дамыту – коммуникативті іс-әрекет)**	"Отбасы» туралы әңгіме Мақсаты: сурет арқылы өз отбастары туралы қысқаша әңгіме құра білу. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)**	Балаларға арналған әндерді тыңдау, ән айту, би қабілеттерін дамыту. **(шығармашылық қызмет)**	Отбасындағы және қоғамдағы бала: Мақсаты: отбасы мүшелері туралы білімді бекіту, олардың аттарын атай білу. **(қоршаған ортамен танысу - коммуникативтік қызмет)**	Бұл қай ер тегі? Мақсаты:Ертегілерді тыңдау арқылы ажырата білуді жалғастыру. (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Бүгінгі ауа райын бақылау. Жедің бағытын анықтау.** Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Табиғи материалдардан бауырсақтың жолын құрастыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	**Ауа райына бақылау жасау. Лента арқылы желдің соғу бағытын анықтау** Бауырсақ ертегісіндегі әндерді қайталау Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.	**Бүгінгі ауа райын бақылау** Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	**Айналмақ арқылы желдің бағытын, бүгінгі ауа райын бақылап, кешегі күн ауа райымен салыстыру.** Ертегідегі жануарлар қандай табиғатқа жатады. Міндеттері: Өлі әлде тірі табиғатты танып анықтауын қалыптастыру. Жануарлардың қайда	**Бүгінгі ауа райын бақылау** Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар

		Балалардың дербес әрекеттері		тіршілік ететінін зерттеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Бауырсақ ертегісі туралы айтып беруін баласынын сұрауға кеңес беру.	Бауырсақ жасауын сұрау	Үш торай мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тексерілді: Айгүл Адилбекова. А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (23.09-27.09.24ж)

Тәрбиешілер: Бердаулетова Г.К, Джансеитова Э.Р

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 23.09.2023**	**Сейсенбі 24.09.2023**	**Сәрсенбі 25.09.2023**	**Бейсенбі 26.09.2023**	**Жұма 27.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Балабақшада не өседі?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға қызықтыру) **Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Күзгі жапырақтар» Міндеттері: Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі	«Жемістер мен көкөністер» Міндеттері: Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып	«Күз туралы ертегі»айтып. Міндеттері:Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту.	«Күздегі құстар мен жануарлар» Міндеттері: терезенің алдына барып олардың тіршілігімен таныстыру. Бақша	«Күзгі тіршілік» Міндеттері: Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды

	табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)**	салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету **(сурет салу,. (мүсіндеу) (сөйлеуді дамыту)**	**«Күз» тақпағын жаттату** (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. **(көркем әдебиет) (сөйлеуді дамыту)**	ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Өнер орталығында: Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру **(жапсыру)** Құрастыру материалдарынан құстарға үйшік жасау. **(құрастыру)**	айта білуін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **(мүсіндеу)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Ертеңгілік жаттығу №4 (құралмен) Кіріспе бөлім: І бөлім:Бір қатар сапқа тұру,жүру,жүгіру,аяқ ұшымен,өкшесімен жүру,2-3 қатарға тұру. Негізгі бөлім: ІІ-бөлім:Жалаушалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары: 1.Б.қ.жалауша төменде,1- жалаушаны алға созу,2- жалаушаны жоғары көтеру;3- жалаушаны екі жаққа созу; 4- б.қ. келу. (5-6рет) 2.Б.қ.аяқ иық деңгейінде,жалауша кеуде тұсында,1-2-оң аяқпен алға бір қадам жасап,оң қолды бір жаққа				

	созу.3-4-б.қ. келу.Сол аяққпен қайталау.(5-6 рет) 3. Б.қ.аяқ арасы алшақ, жалаушалар төменде; 1-3 алға енкейіп,жалауды оң-сол аяққа жеткізу;2-4 б.қ. келу. (5-6 рет) 4. Б.қ.аяқ арасы иық деңгейінде,жалаушалар қолда,қол белде,1-2-оң жаққа иіліп,сол қолдағы жалаушаны сермеу,3-4 дәл солай сол жақпен қайталау. 5.Б.қ.негізгі тұрыс,жалаушалар төменде,1-8 дейін бір аяқпен секіру,шағын кідіріс,одан кейін келесі аяқпен қайталау. Қорытынды бөлім: ІІІ бөлім:Жүру,жүгіру,қояндарша секіру,жәй жүріс.Тыныс алу жаттығулары-
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз туралы видео көру. Күзде қандай өзгерістер болады? Видеоға қарап айтқызу **«Күз»** (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. Неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен

	жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Музыка(маман жоспары бойынша) Дене шынықтыру(маман жоспары бойынша)**	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) Музыка(маман жоспары бойынша)**	**Қазақ тілі (маман жоспары бойынша)**
	Менің йыншығым» тақырыбында әңгімелесу. **Мақсаты:** Балалар өздерінің йыншықтарын ипаттап беруге, ларға жанашыр олуға деген иеттерін ары қарай амыту. **(комуникативтік)** қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен	**Желілі-рөлдік ойын:** «Қуыршақты тамақтандыр» **Мақсаты:** Балаларға қуыршақты көрсете отырып, тамақтану мәдениетін естеріне түсіріп өз беттерімен айта білулерін қадағалау. **(комуникативтікі ,физикалық қасиеттері,әлеуметтік-эмоционалды)** "Менің қуыршағым". Мақсаты: балаларды көлемі үлкен шеңберден қуыршақтың басын, жартысы	**Ойын – жаттығу** «Қуыршықты жуындыр» **Мақсаты***:* Балаларды қуыршақты жуындыра отырып мәдени гигиеналық шараларды қалай орындау керектігін айта отырып, көркем сөздерді мәнерлеп айтуға үйрету. **(физикалық қасиеттері,әлеуметтік эмоционалды)** Дидактикалық ойын «Қай кезде киеміз?» Мақсаты: Балаларға жаз және күз мезгілінде киетін киімдердің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде киетінін сұрау, жауп қайтаруды пысықтау.	Бейнелеу әрекеті: «Менің отбасым» сурет салу **Мақсаты:**балаларды ң қиялын, шығармашылығын дамыту. **(**шығармашылық) міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру. **Сөйлеуді дамыту** "Отбасында біз бесеуміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту**.**	**Ертегі оқып беру:** Қызыл телпек ертегісін оқып беру арқылы балаларға әр ертегі кейіпкерінің дауысы мен оның мінез құлқын айтып түсіндңру, ертегіні сомдауға үйрету. **(физикалық қасиеттері, комуникативтік)**

	атауларын ажыратуды үйрету; [-ə], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ə], [- ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу	кесілген шеңберден қуыршақтың денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлердітең ортасынан екіге бүктеп қуыршақтың шашын жапсыруға үйрету. **Жапсыру**	(көркем әдебиет) **(Көрке әдебиет)**		
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№16 Серуен – бақылау** Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Балалардың күз жайындағы ұғымдарын кеңейту.	**№17 Серуен бақылау** Тақырыбы: «Ағаштарды бақылау» Мақсаты: ағаштардың күз мезгіліндегі ерекшеліктерімен	**№18 Серуен - құрмет** Тақырыбы: «Үлкендер еңбегін бағалау» Мақсаты: Балабақша маңайында еңбек етіп жүрген үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға, еңбекті бағалауға үйрету. Аула	**№19 Серуен - қызықтау** Тақырыбы: «Қызықтау серуені» Мақсаты: Балабақша ауласында болып жатқан өзгерістерге назарларын аударып, байқағыштыққа,	**№20 Серуен - саяхат** Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметін таныстыру. Көше

	Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы айтып, түсіндіру. Бақылай білу дағдыларын дамыту. Күзгі табиғатың әсемдігін сезіне білуге және оны қорғауға тәрбиелеу. Серуеннің барысы: I. Бақылау. Бүгінгі ауа райын бақылап, оны өткен күннің ауа райымен салыстырту. II. Күз Жапырақтар сарғайып, Күн бұлтты болады. Жаңбыр жиі жауады, Құстар ұшып барады. Жыл мезгілі, Алтын күз деген тақырыпта әңгіме жүргізу. Алтын күз деп аталу себебін	таныстыру. Серуеннің барысы: I. Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын, аспанды бақылау. II.Әр түрлі жапырақты (жасыл, сары, қоңыр) үш ағаш. Балалар, бүгін біз балабақша ауласындағы ағаштарды бақылап көреміз. Кане, барлығың дұрыстап қараңдаршы. Мына ағаштың түсі қандай? (жасыл) Бұл қай ағаш? (шырша) Мына ағаштың жапырақтары қандай? (Сары) Бұл ағаштың атын кім біледі? (Аққайын) Келесі мынау қай ағаш? Оның	тазалығын сақтап, табиғатқа деген қамқорлық көзқарасын қалыптастыру. Серуеннің барысы: Бүгінгі ауа райын бақылау. Жыл мезгілі қандай? Айнала қандай? Күн қандай II. Үй сыртында қоқысты, Жатқан көптен үйіліп, Тазалайды қарт кісі, Белі зорға иіліп, Не дегенің жөн еді? (Көмектесейік) Балабақша ауласындағы ересек адамдардың істеп жатқан еңбектерін қадағалату. Олар қысқа дайындалып жатқанын түсіндіру. Олардың еңбектерін бағалап, көмектесу	көрген өзгерістерді айтуға үйрете отырып, тілдерін, қиял, зейіндерін дамыту, Серуеннің барысы: Бүгінгі ауа райын бақылау. Лента арқылы желдің бағытын бақылау. Топ балаларымен қызықтау серуенінқұру. Бақша ауласын аралау, бақылау, көру, әңгімелеу. Табиғат өзгерістерін қызықтау. Аспанға бақылау жасау. Аспанда не бар? Оның түсі қандай? Бұлттар қандай болады, есімізге түсірейікші Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің? Теңіз жақтан келемін,	жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Баланы зейінді, епті етіп тәрбиелеу. Серуеннің барысы: Ауа райын, бүгінгі күнді бақылау. Жақын жердегі бағдаршамы бар көше мен бұрылыстарға мақсатты саяхатқа шығару. Бұл саяхатта бағдаршамның қызметіне, көліктердің қозғалысына, жүргіншілерге көңіл аударып, бақылау жасау. Бағдаршам Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл

	түсіндіру. ІІІ. Ойын: «Күзгі жапырақтармен ойнау» Мақсаты: жапырақтардың түсін, көлемін ажырата білуге үйрету. Барысы: - Балалар, біз бүгін жапырақтармен ойнаймыз. Менің қолымдағы мына екі жапырақтарды салыстырыңдыаршы. (бірі үлкен, бірі кіші) Мен бұл жапырақтарды сендерге беремін. Кішкене жапырақ алғандар кішкене жапырақ болады, үлкен жапырақ алғандар үлкен жапырақ болады. Бәріміз алдымен үлкен сосон кішкентай жапырақтарды жинаймыз. – Сөйтіп, тәрбиеші кішкентай жапырақ	жапырақтары қандай екен? (қоңыр сары, ұсақ) Жапырақтардың түстерінің неге әр түрлі бояуға боялғанын түсіндіру. әр ағашты жапырағынан, діңінен ажыратуға болатынын айту. ІІІ. Қ\О «Аталған ағашты тап» Мақсаты: Ағаштарды танып, ажыратуға үйрету. Ойын: «Ақ серек, көк серек», «Қыз қуу» Мақсаты: Ұлтық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. ІҮ. Еңбек: Ауланы сыпырып, шіріген жапырақтарды бір жерге үю. Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.	керектігін түсіндіру. ІІІ. Ойын: «Кім жылдам», «Орныңды тап». Мақсаты: Балалардың шапшаңдықтарын арттыру, берілген тапсырма бойынша өз орындарын анықтауға үйрету. ІҮ. Еңбек: Ойын алаңын сыпыру. Өз еріктерімен түрлі ойындар ойнап, саппен топқа қайту.	Жел үрлесе желемін. Күз мезгілінің өзгерісі, табиғат құбылыстары сендерге ұнайды ма? Неліктен? Балалардың ойларын тыңдау. ІІІ. Ойын: «Апандағы аю», «Толқиды теңіз» Мақсаты: Ойын шартын бұзбай, ұжыммен бірге тату ойнауға үйрету. ІҮ. Еңбек: Жапырақтарды сыпырып, үю.	көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба! Ойын: «Торғайлар мен автокөліктер» Мақсаты: Жолда жүру ережелерін сақтауға дағдыландыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету. «Кім алысқа» Мақсаты: Балалардың лақтыру икемдерін қалыптастыру, белгіленген жерге жеткізуге ынталандыру. ІҮ. Ойын алаңын сыпыру, шіріген жапырақтарды үю. Мақсаты: Өздерінің ойнайтын алаңын әрқашан таза ұстауға дағдыландыру

	жинаған балаларды өзіне шақырады. Балалар қол ұстасып шеңбер жасап тұрады. – Міне кішкентай жапырақтарды жинап алдық. Енді үлкен жапырақтарды жинаймыз. Үлкен жапырақ жинағандарды да дәл солай шақырып, шеңберге тұрғызады. Балалар екі қатар шеңбер құрып бірі оңға, бірі солға айналады. Ән сабағынан берілген әндерін айтады. IY. Еңбек. Ойын алаңын сыпырып, тазалау.	2. Еңбек етпеген, ішіп-жемейді.			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану ,				

	сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті	«Күз» Балаларды қалауы бойынша екі топқа бөлу. Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту**(сөйлеуді дамыту)** Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру **(Математика негіздері)**	«Геометриялық пішіндерді тану және атау» Міндеттері: тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру.	«Күз бейнесі» Міндеттері: күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді қалыптастыру. Геометриялық пішіндерді тану және атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту. **(Математика негіздері) (жаспыру)**	«Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар» туралы мультфильм қарау. Міндеттері: Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту	«Ағаштарды қандай?» геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету. **(математика негіздері)** Еркін ойын. Шығармашылық жұмыстар. Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. **(Сурет салу, мүсіндеу,**

		Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. **(Құрастыру)**		**(математика негіздері) (сөйлеуді дамыту)**	**жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Тертеңгілік тақпақтарын жаттату	Би билету	Тіл ұстарту жаттығуларын жасату	Топпен сурет салу	Ермексазбен жұмыс жасату
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Бақылау. Бүгінгі ауа райын бақылап, оны өткен күннің ауа райымен салыстырту**. Жапырақтардан қарапайып дестелер құрастыру **(құрастыру)** Қимылды ойын: «Поезд» Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар	**Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын, аспанды бақылау.**Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар	**Бүгінгі ауа райын бақылау** Әр түрлі құрылыс материалдардан қарапайып құрылыстарды құрастыру **(құрастыру)** Қимылды ойын: «Поезд» Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар	**Бүгінгі ауа райын бақылау. Лента арқылы желдің бағытын бақылау** Балалардың қалауы бойынша ұжымдық күзгі жануарлар мен құстар тіршілігі тақырыбында сурет салу және мүсіндеу. **(сурет салу, мүсіндеу)** Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар	**Ауа райын, бүгінгі күнді бақылау.** «Күз» такпағын қайталау (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. Тақпағын қайталау, жеке балалармен жұмыс. **(Көркем әдебиет)** Қимылды ойын: «Поезд» Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	«дәмін татып біл» ойынын ойнауға кеңес беру.	Күз туралы сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

.

.

Тексерілді Әдилбекова А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (30.09. – 04.10.24жж)

Апта дәйексөзі: «Табиғат - әсемдік айнасы»

Тәрбиешілер: Джансеитова.Э.Р

Бердаулетова Г.К

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 30.09.2024ж**	**Сейсенбі 01.10.2024ж**	**Сәрсенбі 02.10.2024ж**	**Бейсенбі 03.10.2024ж**	**Жұма 04.10.2024ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау. коммуникативтік дағды				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Суреттерді орналастыру» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, **Балалармен жеке жұмыс.**				
	Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар жайлы үйрету **Қауіпсіздік әрекеті**	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету.**Бір тұтас тәрбие**	Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап. **Танымдық дағдылар**	Үстел үсті ойыны – пазл: табиғат суретін құрастыру,ереклеікте рін атау **Құрастыру әрекеті Эколгиялық тәрбие**	Табиғаттағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көрсту,түсіндіру. **Экологиялық тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** КАРТОТЕКА №5 Танғы жаттығу: «Жануарлардың қыймылдарын келтіру»				

	Мақсаты: Баларды шапшаңдыққа үйретту. Жаттығудың барысы:Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру. Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау. «Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Қылқалам ханшасы».** Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.	**«Тілек тілеу».** Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	**- Сәлем, саған,туған жерім!** Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім,Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы,топтың ережесі туралы әңгімелесу.	- Қайырлы таң, Алтынкүн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым,Аман болсын, ата-анам. Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын,Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Дене шынықтыру (маман жоспары)** **Музыка (маман жоспары бойынша)**	**Музыка (маман жоспары бойынша)** **Дене шынықтыру(маман**	**Қаза тілі** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,

				жоспары)	оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылау. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту.
	Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен бірге жанырақтарды бояу(сурет салу) Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. (жапсыру)	Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату (сөйлеуді дамыту) Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету (сурет салу. (мүсіндеу)	«Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту) «Күз» тақпағын жаттату (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. (көркем әдебиет) Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау. Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету(сурет салу, мүсіндеу)	Ұлттық киімдер Мақсаты:Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы мағлұмат беру.Балалардың сөздік қорын молайту,ұлттық сана-сезімін ояту,ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Бір тұтас тәрбие.**	Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету (мүсіндеу) Кітапқа қамқорлық таныту.**Бір тұтас тәрбие.**
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту				
Серуен	№21 Серуен - ертегі Тақырыбы: «Ерте, ерте, ертеде...» Мақсаты: Балаларға «Тоңған күшік» ертегісін оқып беру арқылы күз мезгілінің ызғарын түсіндіру. Жылы киінуді, денсаулықты күтуге үйрету. Тілдерін дамыту. Барысы: I. Бақылау әрекеті. Желдің бағытын ленталармен бақылау. Бүгінгі ауа райын бақылау. Күзім- ау, күзім-ау Мінезің бұзық- ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау II. «Тоңған күшік» ертегісін әр тәрбиеші өз	№22 Серуен - жұмбақ Тақырыбы: «Жұмбақтар сыры» Мақсаты: Балалардың ойлау әрекетін, салыстыру арқылы заттың сыр-сипатынан таба білу дағдыларын дамыту. Табиғат аясында ұқсас заттарды тауып оның сыр- сипатын әңгімелеуге дағдыландыру. Серуенің барысы: I. Бақылау әрекеті. Айналмақ арқылы желдің бағытына бақылау жасау. II. «Жұмбақтар сыры» 1.Уылжыған албырт, Дәмі ғажап ..... (алмұрт) 2.Ортасында қазығы, Бұтағында азығы. (алма) 3. Күн нұрымен піседі, Уылжып қолға түседі.	№23 Серуен- білгім келеді Тақырыбы: «Қасиетін біліп жүр» Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің сыйын айтып, күзде піскен байлықтың пайдасын түсіндіру. Олардан алынатын өнімді өндіру кезін суреттерден түсіндіру. Серуеннің барысы: I. Бақылау әрекеті. Бүгінгі ауа райын бақылау. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою. II. «Қасиетін біліп ал» 1. Ақ қайыңдар, емендер, Қарағайлар, теректер.	№24 Серуен – керемет Метеостанцияға саяхат Тақырыбы: Күз кереметі. Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстары жайлы айтып, маусымдық ауысулар мен өзгерістерді түсіндіру. Сары жапырақтардан гербарий жасауды үйрету. Қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Серуеннің барысы: I. Бақылау әрекеті. Бүгінгі ауа райын бақылау. Желдің бағытын бақылау. Жапырақтар. Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан, алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартарсың жапырлап. Жапырақтардың түстерін айтқызып, әр түрлі жапырақтар жинау. Одан гербарий жасауға болатынын	№25 Серуен – бақылау Тақырыбы: «Күнді бақылау» Мақсаты: Балаларға күнді бақылата отырып «жылы», «суық» деген ұғымдарды бекіту . Тілдік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Барысы: I. Балаларды таза ауаға серуенге шығару. - Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? - Жыл мезгілі –күз - Бүгін күн жылы ма , әлде суық па ? - Күн суық жаңбырлы т.с.с... II. Аспан, бұлттар, күн жайлы әңгіме жүргізу. Жаңбыр . Жаңбыр жауды себелеп, Күй ойнайды , соғады, Леп, леп ,леп. Тарс, тарс, тарс. Біздің ашық шатырға Күні бойы шатырды, Леп, леп, леп. Тарс , тарс , тарс.

	шығармашылығымен ойдан құрастырып айтып береді. Күз мезгілінің ызғарлы, суық күндерінде жануарлар қамқорлықты күтетінін түсіндіру. Ертегіні талдау. III. С/ Р. ойын «Тоңған күшік» ертегісін рөлде ойнау. Мақсаты: балалардың рөлдерде ойнау қаблеттерін ашу, сөздік қорларын, тілдерін дамыту, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. IY. Еңбек әрекеті Аулада түскен жапырақтарды сыпыру, үю. Өз еріктерімен түрлі ойындар ойнап, үстілерін қағып, саппен топқа оралу.	(жеміс) 4. Жаздай інге тығылып, Жатқан қызыл түлкіні. Құйрығынан суырып, Әкелді әкем бір күні. (сәбіз) (Суреттер немесе муляждар көрсету.) Әр жеміс-жидектердің адам денсаулығы үшін пайдасын айту. Оны жуып жеу керектігін түсіндіру. III. Қ\О «Себетті толтыр» Көкеністер мен жемістерді жинау. Оларды ажырата алуға қалыптастыру. IY. Еңбек әрекеті. Ойын алаңын тазалап, сыпыру. Өз қалаулары бойынша ойындар ойнау. Киімдерін қағып-сілкіп, саппен топқа оралу.	Жерге көрік беретін, Ағаштар бұл кемеңгер. 2. Адыраспан – жеке дара, Қасиетті, емге дауа. 3. Арпа, бидай көп болсын, Мал жанымыз тоқ болсын. 4. Күнбағыстар, зығырлар. Дәнінен сұйық май алар. (суреттер арқылы пайдалы қасиеттерін түсіндіру) III. Еңбек әрекеті. Құраған жапырақтарды сыпыру, үю. IY. Ойын «Фотограф» Мақсаты: Таныс болған өсімдіктердің аттарын қайталап, естерінде сақтау. Көздерін жұмып, өзгерісті табу. Зейіндерін дамыту.	түсіндіріп, гербарий жасауға көмектесулерін сұрау. Ол үшін түрлі ағаштардың жапырағын жинап, оны топқа апарып кітаптың арасына салып кептіру керектігін айтып, түсіндіру. II. Д\О «Қай ағаштың жапырағы» Мақсаты: Ағаштардың атарын таныстыру, олардың жапырақтарының әр түрлі болатынын түсіндіру.Жапырақтарын ажыратуға үйрету. III. Еңбек әрекеті. Ойын алаңын сыпырып, қоқысын тазалау. Түрлі, әдемі жапырақтар жинау.	III. Ойын: «Күн мен жаңбыр», «торғайлар мен автокөлік» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа үйрету,бұлшық еттерін дамыту. IY. Еңбек: ойын алаңын жапырақтардан тазарту. Мақсаты: Еңбекқорлық , еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.

Екінші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау,жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту(сөйлеуді дамыту)бір тұтас тәрбие Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру **(**Математика негіздері**)**	Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып,	Күз бейнесін күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді қалыптастыру. (жаспыру)экологиялық тәрбие Геометриялық пішіндерді тану және	Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. **(**сөйлеуді дамыту) экологиялық тәрбие	Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету. (математика негіздері) экологиялық тәрбие Еркін ойын.

		қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. (Математика негіздері**)** Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. (Құрастыру)	атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту. (Математика негіздері)	Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту (математика негіздері)	Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру.	Топтағы балаларға бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	Өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	Балаларға тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуға үйрету.	Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	**Желдің бағытын ленталармен бақылау** Күзім- ау, күзім- ау Мінезің бұзық- ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау Еңбек әрекеті Аулада түскен жапырақтарды сыпыру, үю. Өз еріктерімен түрлі ойындар ойнап, үстілерін қағып, саппен	**Айналмақ арқылы желдің бағытына бақылау жасау** Қ\О «Себетті толтыр» Көкеністер мен жемістерді жинау. Оларды ажырата алуға қалыптастыру. IY. Еңбек әрекеті. Ойын алаңын тазалап, сыпыру. Өз қалаулары	**Бүгінгі ауа райын бақылау** Еңбек әрекеті. Қураған жапырақтарды сыпыру, үю. IY. Ойын «Фотограф» Мақсаты: Таныс болған өсімдіктердің аттарын қайталап, естерінде сақтау. Көздерін жұмып, өзгерісті табу.	**Бақылау әрекеті. Бүгінгі ауа райын бақылау.** Д\О «Қай ағаштың жапырағы» Мақсаты: Ағаштардың атарын таныстыру, олардың жапырақтарының әр түрлі болатынын түсіндіру.Жапырақтарын ажыратуға үйрету.	**. Желдің бағытын Бақылау** Ойын: «Күн мен жаңбыр», «торғайлар мен автокөлік» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа үйрету,бұлшық еттерін дамыту. IY. Еңбек: ойын алаңын жапырақтардан

	топқа оралу.	бойынша ойындар ойнау.	Зейіндерін дамыту.	III. Еңбек әрекеті. Ойын алаңын сыпырып, қоқысын тазалау. Түрлі, әдемі жапырақтар жинау.	тазарту. Мақсаты: Еңбекқорлық , еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

Тексерілді: Айгүл Әдилбекова. А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (07.10. – 11.10.24жж)

Апта дәйек сөзі: Сүйіспеншілік – жүректе. Халық даналығы

Тәрбиешілер: Джансеитова.Э.Р

Бердаулетова Г.К

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 07.10.2024**	**Сейсенбі 08.10.2024**	**Сәрсенбі 09.10.2024**	**Бейсенбі 10.10.2024**	**Жұма 11.10.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды (тотықұс немесе көгершін) құспен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** Сәлемдесіп, балаға спорт ойындарының құралдары (секіртпелер, доғалар, доптар) ұсынып шымыр болу үшін спорттық құралдармен жаттығуды ұсыну.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата -аналармен дәрумендердің пайдасы жайлы әңгімелесу, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес беру **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Бестемше ойынын ойнату. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, **(сөйлеуді дамыту)** Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.** Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)**				
	«Топтағы құс» Міндеттері: оны тамашалау. Құстар сөйлей ала ма? Олар қалай сөйлеседі? Олар қалай тамақтанады? Олар қайда өмір сүреді? Балалардың ойларын тыңдау. **(көркем әдебиет)**	«Құстар» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы	«Қарлығаш» Міндеттері:Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету **(көркем әдебиет)**	«Құстардың үйшіктері» Міндеттері: оның биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру **(математика негіздері)**	«Біз қамқоршы баламыз» Міндеттері:Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету Біз қамқоршы баламыз,

		жапсыру. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**			Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. **(көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **КАРТОТЕКА №6** Таңғы жаттығу: «Жеңіл жүгіру» Мақсаты: Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау, құсша қанат қағу. Жаттығудың барысы:Шеңбер құрып тұру. Басымен оңға, солға, алға, артқа иілу. Қолдарын алға, жоғары көтеріп, төмен түсіру. Аяқ алшақ, екі қолдарымен бүйірлерін таянып алып оңға, солға иілу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Құстар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Дене шынықтыру (маман жоспары)** **Музыка (маман жоспары бойынша)**	**Музыка (маман жоспары бойынша)** **Дене шынықтыру(маман жоспары)**	**Қазақ тілі** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ

					дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу .
	Құстарға қамқорлық. Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақтарды жатқа айту **(сөйлеуді дамыту)**	«Үй құстар мен дала құстары» Мақсаты: құстар туралы фильм тамашалу. Міндеттері: Суреттер қарау. Әңгімелеу. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. **(көркем әдебиет)**	«Құстар» Мақсаты: құстың бейнесін құрастыру. Міндеттері:Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру **(құрастыру)**	«Құстар ұясы» Мақсаты: Сурет бойынша құстар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. Міндеттері:Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақты жатқа айту **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**	«Құстардың ән салғанын тыңдау». Мақсаты: Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Міндеттері:Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу **(қоршаған ортамен танысу)**
Екінші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау,жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.**				
Серуенге дайындық	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№26Серуен - әңгіме Тақырыбы: «Күз жомарт» Мақсаты:** Күз туралы білімдерін кеңейту, «ерте», «кеш» түсетін	**№27 Серуен - бақылау Тақырыбы: «Құстарды бақылау» Мақсаты:** Құстар түрлерімен таныстыру,	**№28 Серуен - бақылау Тақырыбы: «Ағаштарды бақылау» Мақсаты:** Ағаштар	**№29 Серуен - бақылау Тақырыбы: «Аспандағы бұлттарды бақылау» Мақсаты:** Балалардың	**№ 30 Серуен - жұмбақ Тақырыбы: Серуен жұмбақ Мақсаты:** Балалардың зейінін, ойлау

	күз туралы түсінік беру. Күзгі табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Барысы:** **I**. Балаларды таза ауаға серуенге шығару. Бүгінгі ауа райын бақылау. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің қай айы? Күзде табиғатта қандай өзгерістерболып жатыр? Сендерге күз мезгілі ұнайды ма? Неліктен? **II**.Табиғат аясында әңгімелесе отырып ерте күз, кеш түсетін күз жайлы мағлұмат беру. **Күз** Қарашы, күз келді, күз келді, Сары алтын жауыпты іздерді. Құс біткен керуенін түзеді, Қара бұлт қабағын түйеді. **II**. **Ойын: «Ақ серек, көк серек», «Қуаласпақ»** **Мақсаты:** ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ойын шартын	олардың тіршілігі жайында айтып, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылап, жыл мезгіліне байланыстыкіріспе сұрақтарын қою. Күз тақырыбында жаттаған тақпақтарын айтқызу. II. Балалар, назарларыңды мында аударыңдаршы, олар нелер? -Олар құстар. -Мынау қай құс? -Тағы қандай құстарды білеміз? -Балалр жауаптары суреттермен толықтырылады. Құстардың жылы жаққа ұшып кететінін айтып, олар қандай құстар екенін суреттерден ажыратқызу. Қыстап қалатын құстарды бақша ауласынан көрсетіп, оларға қыста біздің қамқорлығымыз қажет екендігін айту. Торғай Торғай, торғай, торғайсың,	түрлерімен таныстыру, күз мезгілінің түсуімен ағаштардың жапырақтарының сарғайып түсе бастайтынын түсіндіру. Ағаштардың пайдасы жайлы түсінік беру. Табиғатты қорғауға, ағаштарды күте білуге үйрету. Барысы: I.Бүгінгі ауа райын бақылау желдің бағытын анықтау. II. Балабақша ауласында серуендеу. Аулада өскен ағаштарға бақылау жасау. Олардың күзгі өзгерісін түсіндіру. Өсімдіктерге байланысты тыйым сөздерді үйрету. Тыйым сөздер «Бұтақты сындырма», «Бәйтерекке балта шаппа», «Жалғыз ағашты кеспе», Нақыл сөздер. «Бір ағаш кессең, он ағаш ек», «Сақта әр кез есте, Жалғыз ағашты кеспе», «Бақ өсіргеннің бағы	байқағыштық қабілеттерін артыру, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту, тілдік қорын молайту. Барысы: I. Желдің бағытын, бүгінгі ауа райын бақылау. II. Назарларын аспандағы бұлтқа аудару. -Аспанда не болады? -Күн, Ай. Жұлдыз, бұлт. -Күн қандай болады? -Ай ше? -Жұлдызды қай мезгілде көреміз? -Қазір аспанға қараңдаршы, бұлт бар ма? -Олардың түсі қандай екен? -Бұлттар неге ұқсайды? Аспан бұлтқа толып кетті, Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты бөшке болып. III. Ойын: «Тақия тастамақ», «Қуаласпақ»	қабілеттерін, тілдік қорларын дамыту. Табиғат, өсімдік туралы жұмбақтар жасыра отырып, тапқырлыққа үйрету. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою. II. Табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру 1. Жапырақтар сарғайып, Күн бұлтты болады. Жаңбыр жиі жауады, Құстар ұшып барады. (Бұлт) 2. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ қонады. (Жел) 3. Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) 4. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың.

	бұзбай ойнауға дағдыландыру. **IY. Еңбек:** Алаңдағы жапырақтарды сыпыру. **Мақсаты**: Еңбекке баулу, Ойын алаңын таза ұстауға, тиянақты болуға үйрету.	Жақын келіп қонғайсың. Жем салайын тойып ал, Торғай сонда тоңбайсың. III. Ойын: «Ақ қоян», «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Ойын шарты бұзбай, бірігіп, тату ойнауға дағдыландыру. IY. Еңбек: Ойын алаңындағы қоқыстарды тазалау, сыпыру. Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа үйрету.	жанады». III.Ойын: «Кім жылдам», «Өз ағашыңды тап». Мақсаты:Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Достыққа, татулыққа баулу. IY. Еңбек: Жапырақтарды жинау. »	Мақсаты: Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, бұлшық еттерін дамыту, шапшаңдыққа үйрету. IY. Еңбек: Жапырақтарды бір жерге үю. Мақсаты: Бірігіп еңбек етуге, бір-біріне көмек көрсетуге дағдыландыру.	(Жаңбыр) III. Ойын: «Күзгі жапырақтармен ойнау» Мақсаты: Жапырақтардың түсін, көлемін ажырата білуге тәрбиелеу. IY. Еңбек: Гүлзарлардағы қураған шөптерді жұлу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, көркем сөз қолдану. Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **Бір тұтас тәрбие**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Құстар таласы»**(көркем әрекет)**				

	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Аққу Мақсаты:ертегі кейіпкерлері құстарды бейнелеуге машықтандыру. Міндеттері:Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы аққуды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	Құстардың күзгі және қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. **((қоршаған ортамен танысу)** Құрылыс материалдарынан құстарға ұя жасау. **(құрастыру)**	«Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау». Міндеттері:Құс қанат оюын таныстыру. **(мүсіндеу)** Құс қанат оюын **(жапсыру).** Санауға арналған құралдармен жұмыс. Міндеттері:"Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. **(математика негіздері)**	«Қарлығаш оюы» Міндеттері:Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарлығаш оюын жапсыру **(жапсыру)** Балалардың қалауы бойынша құстарға ұяның суретін салу немесе ермексаздан жасау **(сурет салу, мүсіндеу)**	Балалардың шығармашылықпен айналысу кезінде күй тыңдауын ұйымдастыру «Балапан» Міндеттері:геометриялық пішіндерді қиып балапан жапсыру, гуашпен аққуды бояу. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Міндеттері:Құстарды санау, салыстыру, үйшіктеріне сыяды сыймайды ұғымдарын жетілдіру. **(математика негіздері)**
Балалармен жеке жұмыс	Топта қалған балаларға денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдауға,	Балаларға түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру	Көкөністер,жемістердің,ыдыстардың ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салуға үйрету	Мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту.	Балаларға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін(сөйлеу қарқынын, интонациясын) сақтауға үйрету

	жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету.				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Бүгінгі ауа райын бақылау.** Міндеттері:Құстарды салыстыру ұқсас ойыншықтарды табу. Оларды өзара салыстыру **(математика негіздері)** **Еркін ойындар**	**Құстарды бақылау** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; **(дене шынықтыру)** **Дербес ойындар** Қимылды ойын «Тауықтар мен балапандар»	**Ағаштарды бақылау** «Жас метеоролог» Желдің бағытын анықтау. **Еркін ойындар**	**Аспандағы бұлттарды бақылау** Құстар туралы жұмбақтар шешу Кеудесі қайқандап, Жүреді байпандап. (Қаз) Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна) **Еркін ойындар**	**Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау** Құстар болып ұшу. Әр түрлі құстардың қимылын қайталау. **Қимылды ойын** «Аққу қаздар» Балалардың бастамасымен ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін әңгімелесуі				
	Балалардың жылы киінуі туралы кеңес беру.	Құстар туралы не білетіндерін сұрауды ұсыну.	Қарлығаш әнін бірге орындауға кеңес беру.	Тауықтар мен балапандар ойынын үйде ойнауға ұсыну	Апта бойы не үйренгенін сұрау, әңгімелесу.

Тексерілді Әдилбекова А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Қарлығаш» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: (14.10. – 18.10.24жж)
Апта дәйексөзі: Жақсыға қарасаң, жаның жадырайды.
Тәрбиешілер: Джансеитова.Э.Р
Бердаулетова Г.К

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 14.10.2024**	**Сейсенбі 15.10.2024**	**Сәрсенбі 16.10.2024**	**Бейсенбі 17.10.2024**	**Жұма 18.10.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** Сәлемдесіп, балаға бір орталықта ренжіп, жылып тұрған эмодзи суретін көрсетіп оның жинаған құрастырмалы ойыншықтары шалып қалғанын көрсетіп көмек беруді ұсыну. Мозайка немесе Лего ойыншықтарымен әрекет жасауын ұйымдастыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. **(сөйлеуді дамыту)** Дидактикалық ойын:«Жануарларды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме жануарларына күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.** **«Жақсыға қарасаң, жаның жадырайды»** балалармен жеке әңгімелесу арқылы мағынасын түсіндіру.				
	«Жыл мезгілдері» Мақсаты:Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен	«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Міндеттері:Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға үйрету **(көркем әдебиет)**	«Күзгі бақта өсетін жемістер жидектер көкөністер» Міндеттері:олар туралы не білетіндерін сұрау, әңгімелеу, білетін әндер мен тақпақтарын айтқызу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойын. **«Бағдаршам»** Міндеттері:Балалардың ойлау,есте сақтау қабілетін және тілін дамыту.Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін	«Ертегі кейіпкерлерінің санын салыстыру». Міндеттері:Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес. **(математика негіздері)**

	карточкалары. **(қоршаған ортамен танысу)** «Күзгі бақта не өседі?» Міндеттері:Балалардың ойларын тыңдау.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**			кеңейту. **(сөйлеуді дамыту)** «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойындар ойнату.**Бір тұтас тәрбие**	
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **КАРТОТЕКА №7** «Маған қарай жүріңдер» ойыны. Мақсаты:Бір бағытта топтасып жүру. «Торғайлар болып ұшайық»: Әртүрлі бағытта жеңіл жүгіру, қайта жиналу. Шеңбер құрып тұра қалу. «Біздің қолымыз қайда?» жаттығуы:Балалар қолдарын артқа жасырып, аяқтарын сәл ашып тұрады. «Қолдарың қайда?» деп сұраған кезде, «Міне,біздің қолымыз!» деп көрсетеді. «Тик-так» жаттығуы.Сағат тіліндей екі жаққа кезек иілу. «Күнге қол созамыз». Тәрбиешінің артынан үйіріліп жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)				

дайындық	Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қазір күздің нешінші айы? Күзде қандай өзгерістер болады? Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Жануарлар туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша)		**Дене шынықтыру** (маман жоспары) **Музыка** (маман жоспары бойынша)	**Музыка** (маман жоспары бойынша) **Дене шынықтыру**(маман жоспары)	**Қазақ тілі** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.
	«Жануарлар» Мақсаты: санау, салыстыру дағдыларын дамыту. Міндеттері:Топтағы жануарларды санау, көлемі бойынша салыстыру. **(математика негіздері)**	«Мақта қызбен мысық» Мақсаты: ертегінің мазмұнын айтуын үйрету. Міндеттері:ертегісін айтып беру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**	«Жануарлардың дене бөліктері» Міндеттері:Жануарлардың дене бөліктері қандай пішінге ұқсайды атау. Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерді тану және атау **(математика негіздері)** Салынған жануарларды түстерін дұрыс таңдап бояу**.** **(Сурет салу)**	Видео материал көру Орман дегеніміз не? «орманда кімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну **(сөйлеуді дамыту)** «Ботакөз», «тышқан ізі» Мақсаты: оюларды тану, атау. Міндеттері:қазақ оюларының, элементтердің пішінін,	«Сүт өнімдерін зерттеу». Мақсаты: Айран, сүт, құрт, йогурт, ірімшік және т.б. өнімдердің дәмін көру. Әр түрлі зерттеу әрекеттері. Міндеттері: Сүттен айран жасау және т.б әрекеттер баллаардың ұсынысы бойынша **(қоршаған ортамен танысу)**

			Құрылыс заттарынан жануарларға үйшік құрастыру **(Құрастыру)**	реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру **(сурет салу)Біртұтас тәрбие**	
Екінші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау,жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.**				
Серуенге дайындық	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**№31 Серуен - танысу** Тақырыбы: «Құстар біздің ауланың қонақтары» Мақсаты: Балаларды құстардың аттарымен таныстыру. Олардың ауа райына, жыл мезгілінің өзгерістеріне қарай жылы жаққа ұшып кететінін айту. Суыққа төзімді құстарды таныстыру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Барысы: I. Желдің бағытын, бүгінгі ауа райын бақылау. II. Қонжық» қонаққа келеді. Ол біздің ауладан ағаштардың	**№32Серуен – танысу** Тақырыбы: «Біздің ауланың ағаштары» Мақсаты: Ағаштардың аттарын естеріне сақтау, олардың өсуін, жапырақтарының айырмашылығын ажырату. Көрнекілігі: Ағаштардың суреттері. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын, желдің бағытына лента арқылы бақылау жүргізу. Кіріспе сұрақтарын қою. II Д\О «Бұл не?» Сурет бойынша жұмыс. Сұрақтар қою. - Бұл не? - Ол қайда өседі?	**№33 Серуен - бақылау** Тақырыбы: «Күзгі жапырақ» Мақсаты: Жыл мезгілі жайлы түсінік беру. Маусымдық өзгеріс, ауысымды түсіндіру. Көрнекілігі: жыл мезгілінің суреттері. Барысы: I. Ауа райын, желдің бағытын бақылау. II. Суреттер бойынша әңгімелесу. Жаз мезгіліндегі ағаш бейнесін көрсету. - Бұл не? (Ағаш) - Ағашта не бар? (жапырақтар)	**№34 Серуен - жаңалық** Тақырыбы: «Жаңбыр туралы ертегі» Мақсаты: Табиғат өзгерісі, құбылысы жайлы білімдерін тереңдету, жаңбыр туралы әңгімелесу, түсініктерін тереңдету. Барысы: I. Ауа райын бақылау. Кіріспе сұрақтары арқылы бүгінгі күнді, аспанды бақылату. II. Ойын алаңына келіп ертегі айту. Жаңбыр жайлы ертегі Бір күні кішкентай бұлт қыдыруға	**№35Серуен - саяхат** Тақырыбы: «Біздің қаланың әсем ағаштары» Мақсаты: Танысқан ағаштарының аттарын бекіту. Олардың айырмашылығын, өсуін, жапырақтарын ажырату. Күзгі баққа саяхат жасау, ондағы өсіп тұрған ағаш түрлерімен таныстыру. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. Ауладағы білетін ағаштарының аттарын естеріне түсірту. Олардың ерекшеліктерін айтқызу. - Мынау не?

	басынан көп қоңыздар көріпті. Олардың қанаттары бар, ұшады екен. Ол оларды фотоға түсіріп алыпты. Қараңдаршы, - деп назарларын аудару. - Бұлар қоңыздар ма, әлде басқа ма? - Қоңыздар емес, олар құстар. Құстардың суреті арқылы құстар жайлы әңгімелесу. Құстар жайлы мына өлеңдерді оқып, мазмұнын түсіндіру. «Ауладан осы құстарды кездестіруге бола ма, қай құстарды жиі кездестіреміз» деген сұрақтар арқылы құстар жайлы әңгімелесу. Тырналар-ау, тырналар! Торғай, торғай торғайсың, Ұзын мойын мырзалар, Суықтан да тоңбайсың. Тізіліп ап аспанда, Бөтеген томпайып, Ұшып қайда барасың? Жақын келіп қонғайсың. Құстарды суреттер арқылы таныстыру, олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Жылы жаққа ұшып	- Бұл ағаш қалай аталады? - Қай ағаш ұнайды? - Барлық ағаштарда не бар? (Тамыр, діңі, бұтағы, жапырағы) - Біздің аулада осы ағаштарға ұқсас ағаштар өседі ме? (Бақша ауласында бақылау жүргізу, өсіп тұрған ағаштарды ажырату.) III. Д\О «Қай ағаштың жапырағы» Тақпақ жаттату. Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан, алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады жапырлап. IY. Еңбек. Ойын алаңындағы жапырақтарды сыпыру.	- Олардың түсі қандай? (жасыл) Жаз мезгілі жайлы әңгіме жүргізу. Жаздан соң күз келетінін түсіндіру. Күз мезгіліндегі айналада өсіп тұрған ағаштарды көрсетіп, әңгімелесу. Күзден соң қыс келіп, ондағы ағаштардың өзгерісін айту. Көктемдегі көрініс арқылы кезекті маусымдық өзгерісті түсіндіру. III. Д\О «Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерінде болатын құбылыстардың ерекшелігін жасырып, жыл мезгілдерін ажыратуды үйрету. IY. Еңбек Жапырақтарды жинау, сыпыру.	шығады. Ол төменгі жаққа қарап ағаштардың жапырақтарының қурағанын, гүлдердің солғанын, шөптердің сарғайғандығын көрді. Ол осы көріністі көріп қатты уайымдап, оларға жаны ашиды. Оның көзінен аққан жасы жерге тамшылап, жерге күздің көңілсіз жауыны жауды. - Тамшылардың анасы кім? - Неге көңілсіз күзгі жауын жауды? III. Қ\О «Күн мен бұлт», «Көрші-көрші» Мақсаты: Балаларың зейіндерін, шапшаңдықтарын арттыру, достыққа тәрбиелеу. IY. Еңбек Ойын алаңын тазалау, сыпыру.	(өсіп тұрған ағашты көрсету) - Ағаш. - Қандай ағаштардың аттарын білеміз? - Емен, аққайын, шырша, терек, т.б. - Олар қайда өсіп тұр? - Ағаштардың бөліктерін атап беріңдерші? - Тамыры, діңі, бұтағы, жапырағы. - Ағаштар қандай? - Оларға қандай қамқорлық жасауға болады? (Балалар жауаптарын тыңдау) II. Балалар, біз қазір «Жеңіс бағына» саяхатқа барамыз. (Жолдан өту ережелерін естеріне түсіру) Онда өскен ағаштарды ажыратып, біздің аулада жоқ ағаштармен танысамыз. («Жеңіс бағында» балалармен әңгімелесу, таныс емес ағаш түрлерін

	кететін, суыққа төзімді құстар жайлы айту. ІІІ. Ойын: «Тышқан мен мысық», «Кім жылдам» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу, бұлшық еттерін дамыту. ІҮ. Еңбек: Құстарға жасалған жем сауыттарды ілу. Оларға жем шашу.				таныстыру) Ш. Еңбек әрекеті Жеңіс саябағынан әртүрлі, әдемі жапырақтарды жинау. Олардың айырмашылықтарын, түстерін, пішіндерін, ұқсастықтарын әңгімелеу. ІҮ. Ойын әрекеті «Тышқан мен мысық»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Құстар таласы»**(көркем әрекет)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды қалыптастыру				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті	«Жануарлар» Міндеттері: пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру **(жапсыру)** «Оюлар» Міндеттері:қазақ оюларының кейбір элементтерін салу. «Түйе табан». «Тышқан ізі». «Ботакөз» ою өрнектерін салу. **(сурет салу)** Міндеттері:Ермексаздан үй жануарын мүсіндеу **(мүсіндеу)**	«Өзара айырмашылығын тап» Мақсаты:Суреттерді салыстыра отырып, бірдей суреттерді сызық арқылы қосу **(қоршаған ортамен танысу)** Ермексаздан мысықты жасау. **(мүсіндеу)**	«Африка жануарлары» Міндеттері:көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Африка жануарларын жасау. **(мүсіндеу)** Міндеттері: Дәстүрден тыс әдіспен жануарларды бояу**. (сурет салу)** «Ең жылдам жануар кім»? Мультфильм көру. «Торғай» тв Міндеттері: шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. **(көркем әдебиет)**	Балаларға бұлттардың алуан түрімен таныстыру.Мақтаны қағазға жапсыру арқылы бұлттарды бейнелеу шығармашылық жұмыстар. **жапсыру**	«Жеті лақ» ертегі желісі бойынша суреттерді бояу, құрастыру құралдарымен лақты немесе қасқырды құрастыру. **(сурет салу, құрастыру)** **«Қауіпсіздік ережелері»** тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру.	Балалардың бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	Өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	Балаларға тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуға үйрету.	Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	**Желдің бағытын, бүгінгі ауа райын бақылау**. Мысық әнін айту. «Торғай» тв. Видеосы	**Бүгінгі ауа райын, желдің бағытына лента арқылы бақылау жүргізу** Футбол - берілген	**Бүгінгі ауа райын бақылау.** Ермексазбен еркін әрекеттер. **(мүсіндеу)**	**Бұлттарды бақылау** Қ\О «Күн мен бұлт», «Көрші-көрші» Мақсаты: Балалардың зейіндерін,	**Ауа райын бақылау.** Ермексазбен еркін әрекеттер. **(мүсіндеу)** Еркін ойындар

	Еркін ойындар	бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату; **(дене шынықтыру)** Еркін ойындар	Еркін ойындар	шапшаңдықтарын арттыру, достыққа тәрбиелеу Еркін ойындар	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін әңгімелесуі				
	Жануарлар туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну.	Мысық туралы қосымша ақпарат беруді ұсыну	Ыстық елдердің жануарлары туралы балалаларға айтып беруін сұрау	Үш торай ертегісін сахналауды үйде қайталау.	Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.

Тексерілді: Айф Адилбекова А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Қарлығаш» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: (21.10. – 24.10.24жж)
Апта дәйексөзі: «Отан – отбасынан басталады».
Тәрбиешілер: Джансеитова.Э.Р
Бердаулетова Г.К

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 21.10.2024**	**Сейсенбі 22.10.2024**	**Сәрсенбі 23.10.2024**	**Бейсенбі 24.10.2024**
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту). Балаларға жаңадан жасалған әдебиет орталығындағы жаңа кітаптар мен суретті альбомдарды көрсетіп оларды тамашалауына жағдай жасап әңгімелесу.			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. **(сөйлеуді дамыту)** Дидактикалық ойын:«Жануарларды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме жануарларына күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.** **«Жақсыға қарасаң, жаның жадырайды»** балалармен жеке әңгімелесу арқылы мағынасын түсіндіру.			
	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын» Мақсаты: ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау	«Күзгі еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін	Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру **(математика негіздері)**	Шеберлер қалашығы тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Отан – отбасынан басталады мақалын түсіндіру. Ертеңгі мереке туралы ақпарат беру.

		сақтап мүсіндеу. **(мүсіндеу)**		
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **КАРТОТЕКА №8** Мақсаты:Тәрбиешінің артынан шеңбер бойы жай жүру, аяқ ұшымен жүру. Қолды алға созу, жоғары созу, жанына түсіру. Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір. Баспен оңға,солға, алға, артқа иілу. «Қарлығаш боп ұшайық» «Қоянша секірейік»: Бір орында тұрып, екі қолдарын кеуделеріне қойып секіру. Жай жүру, дем алу.			
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуі, жақсы тілектер тілеуі. «Күзгі еңбек», «Шеберлер қалашығы» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)			
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша)		**Дене шынықтыру** (маман жоспары) **Музыка** (маман жоспары бойынша)	**Музыка** (маман жоспары бойынша) **Дене шынықтыру**(маман жоспары)
	«Менің елім» Мақсаты: туған ел туралы айтып береді. Бір тұтас тәрбие. Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойыны.	Отан,туған ел туралы тақпақтарды еске түсіру,туған ел жайлы ән айту**.** **(Көркем әдебиет)** Сазбалшық ұстасына қонаққа бару. (немес фильм көру) Сазбалшықтан жасалатын құмыраны	Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру **(математика негіздері)**	Республика күніне арналған «менің отаным Қазақстан»тақырыбында мерекелік іс шара. Мақсаты: Балалардың туған жерін,туған елін,халқын ардақтап өтуге үйрету.Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі-туған отанды сүюден басталатынын түсіндіру.Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

	Мақсаты:Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. (сөйлеуді дамыту)	көру және жасау. (мүсіндеу)		
Екінші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау,жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).			
Серуен	№36 Серуен –танысу Тақырыбы: «Күн - жылу нәрі» Мақсаты: Күн туралы түсініктерін кеңейту, оның барлық тіршілік үшін маңызы зор екендігін түсіндіру. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. а) Бүгін ауа райы қандай? ә) Бүгін күн қандай? (күн ашық немесе күн бұлтты) II. Жұмбақ жасыру. 1. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күннің көзі) 2. Жұртың бәрі оны	№37 Серуен - танысу Тақырыбы: «Қыстап қалатын құстар» Мақсаты: Балаларға құстардың аттарын таныстыру, олардың ауа райына, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне қарай жылы жаққа ұшып кететінін айтып, түсіндіру. Суыққа төзімді құстарды таныстыру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Барысы: I. Лентамен желдің бағытын бақылау. Кіріспе сұрақтар арқылы бүгінгі ауа райын бақылау.	№38 Серуен - ертегі Тақырыбы: «Жел туралы ертегі» Мақсаты: Жел туралы түсінік беру Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. Айналмақ арқылы желдің бағытын бақылау. II. Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер мұқият тыңдап, шешуін тауып көріңдерші. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) Шешуін дұрыс таптыңдар. - Жел	№39 Серуен - жауын Тақырыбы: «Жаңбыр, жаңбыр жау жау» Мақсаты: Жаңбыр жайлы білімдерін тереңдету. Жауынды күндегі адамдардың іс - әрекетін айту. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. II. - Жаңбыр қандай болады? - Ол неге дымқыл? - Қай кезде жылы жауын болады? - Жаңбыр қайдан жауады? - Жаңбырдан соң аспанда не пайда болады? - Жауын жауғанда не істеу керек? Жауын туралы толық мағлұмат беру. Жаңбыр, жаңбыр шулама, Жау-жау-жау, Деп сұрайды балалр, Жау-жау-жау. III. Қ\О «Қолшатырдың астында» Ойын ашық алаңда топ балаларымен ойналады. Тәрбиеші: «Күн ашық, балалар

	сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күн) -Бүгін күн бар ма? (Егер күн бұлтты болса күннің бейнесін алып шығу) -Қараңдаршы, ол қандай? - Күн тіршілікті қыздырып, жылытады. өсімдіктердің жақсы әдемі өсуіне де күн қажет. Ол жаз мезгілінде өте ыстық болады. Бүгін күн жарқырап тұр немесе бұлтты. III. Қ\О «Күн мен бұлт» IY. Еңбек әрекеті Аулада шашылған жапырақтарды сыпыру.	II. Балаларға қыстап қалатын құстар жайлы айту. Тырналар –ау, тырналар! Ұзын мойын мырзалар. Тізіліп ап аспанда, Ұшып қайда барасыңдар? Суретке қарап түсіндіру. Құстардың атарын суреттерден қарап естеріне түсіру. Олар күн суытқанда жылы жаққа ұшып кететінін айта келе, қыстап қалатын құстарды біздің қалада кездестіруге болатынын түсіндіру. III. Қ\О «Аңшылар мен үйректер» Қ\О «Бірге қайтала» Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Тойған қозыдай томпайып, «Шіп-шіп» десіп отырар.	деген не, білесіңдер ме? - Жел не істейді? - Жел туралы білгілерің келеме? - Ендеше мен сендерге «Жел» туралы ертегі айтып берейін. Ерте, ерте ертеде, ұшқанды жақсы көретін кішкентай «жел» болыпты. Бір күні кішкентай «жел» біздің балабақшаның жанынан ұшып бара жатып, сары, қызыл жапырақтары бар әдемі ағашты көреді. Бұл көрініс оған қатты ұнады. Ол ағаштың бұтағына отырып, одан сұрады: - Сендер кімсіңдер? - Біз жапырақтармыз, ағашта өмір сүреміз,- деді жапырақтар. - Менімен бірге ұшқыларың келеді ме? Ұшқан өте көңілді әрі қызықты, - деді жел. - Әрине ұшқымыз келеді, бірақ ұша алмаймыз ғой, - деді жапырақтар. - Ал, мен сендерге көмектесемін, - деді де кішкентай жел	далада ойнап жүр», дегенде балалар алаңсыз қыдырып әртүрлі ойындар ойнайды. Аспанды қара бұлт басты, жаңбыр жауды дегенде балалартез қолшатырларын көтеріп, жаңбыр жайлы өлең-тақпақтарын айтады. IY. Еңбек әрекеті Ойын алаңын тазалау. Қоқысты сыпыру.

			бұтақтан-бұтаққа секіріп «УХ» деп үрледі. Жапырақтар желдің үрлегенінен айналып ұшып, жерге түсіп жатты. Оларға да өте қызық болды. - Жел деген не екен? - Ол үрлесе не болады екен? III. Д\О «Ұшты-ұшты»	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**			
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже айту. **(сөйлеуді дамыту)**			
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру			
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды қалыптастыру			
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)			

Балалардың дербес әрекеті	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Міндеттері: Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстары **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)**	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). Міндеттері:Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру **(математика негіздері)** «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Міндеттері:Өз ойларын айтқызу. Топтағы тазалық жұмысын жоспарлап қатысу. **(көркем әдебиет)**	Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; **(жапсыру)** Міндеттері:Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Міндеттері: Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Отан туралы мақал – мәтелдер жаттату.	Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату.	Ертеңгілікке жаттауға берілген тақпақтарын сұрау жаттату.	Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).			
Серуен	**Бүгінгі ауа райын бақылау.** **Қимылдық ойын:** **«**Ұшты-ұшты » **Дербес ойындар:** 1. «Тәтті тоқаштар» пісірейік 2. «Мені қуып жет» **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:** балалардың	**Лентамен желдің бағытын бақылау**. **Қозғалмалы ойын:** «Қоңыздар» Мақсаты:Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойыншща қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету. **Еңбек әрекеті:** Сынған бұтақтарды	**Лентамен желдің бағытын бақылау.** **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:** балалардың көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек:** Жапырақтарды жинау	**Жаңбырды бақылау** **Қимыл – қозғалыс ойын** «Мысық пен торғайлар». **Мақсаты:** жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, **Еңбек алаңында жұмыс істеу :** Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау**.**

	көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек:** Жапырақтарды жинау.	және жапырақтарды жинау**.**		
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.	Топта қалған балалармен бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); -шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін	Берілген пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруын ынталандыру.	Қоршаған ортадағы заттарды, кеңістікті бағдарлауды меңгерту.	"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру.

		жапсыруын жетілдіру.			
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.				
Серуен	Еркін ойындар Балалардың сұранысы бойынша «Үш аю» ертегісін оқып беру. **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан»	Футбол – берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату дағдысын қалыптастыру; **(дене шынықтыру)** Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Кішкентай маймылдар	Жапырақтардан құстардың бейнесін құрастырту. Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Шымшықтар мен мысық»	Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)** Еркін ойындар	Балабақша ауласында өсетін жидектерге қарап жидектердің суретін салдырту. **(сурет салу)** Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау.				
Балалардың үйіне қайтуы	Орман туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну «Өнегелі 15 минут»	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. «Өнегелі 15 минут»	Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру. «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналарға күн тәртібін, балабақшаға келу уақытын сақтауды естеріне салу «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналармен баланың жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жайлы кеңес беру «Өнегелі 15 минут»

.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (18.11-22.11.24ж)

Апта дәйек сөзі: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп ...» Абай Құнанбаев

Тәрбиешілер: Бердаулетова Г.К, Джансеитова Э.Р

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 18.11.2024**	**Сейсенбі 19.11.2024**	**Сәрсенбі 20.11.2024**	**Бейсенбі 21.11.2024**	**Жұма 22.11.2024**
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, **кеңес, әңгімелесу**	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті **(баяу қимылды, үстел үсті ойындары,** **бейнелеу іс- әрекеті,** **кітаптарды қарау және басқалар)**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау				
	«Жыл мезгілдері» Міндеттері:Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі	Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын	Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын	Бүгін аптаның қай күні? Қазір тәуліктің қай бөлігі? Таңертең, күндіз, кеш, түн	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне, жануарларына

	туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы қыс мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жануарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу)**	арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.	қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Карточкалардан күн тәртібіндегі кезеңдердің суретін көрсетіп атату. **(математика негіздері)**	күтім жасау) **Балалармен жеке жұмыс.**
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **КАРТОТЕКА №12** Мақсаты:Тізбекте бір қатармен тұру, жүру, шашырау Жүру, звеноларға бөліну. Аяқ алшақ, екі қолды жанынан көтеріп, керілу. «Маятник» жаттығуы: Кеудені солға, оңға тербелту. «Ағаш шабушы» жаттығуын қайталау.				

	Жұптасып қол ұстасып бірінің артынан бірі жүру. Бір орында немесе жан жаққа шашырап секіру, қайта ортаға жиналу. «Көбелек» атты тыныс алу жаттығуы.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке **дайындық**	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қысқа дайындық тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған **іс-әрекет**	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Дене шынықтыру (маман жоспары)** **Музыка (маман жоспары бойынша)**	**Музыка (маман жоспары бойынша)** **Дене шынықтыру(маман жоспары)**	**Қазақ тілі** Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Міндеттері:Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту(сурет салу).

	Кітаптар қарау. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(сөйлеуді дамыту)** Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру **(математика негіздері)**	«Үш торай» мультфилімін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту **(сурет салу).**	Қысқа дайындық. Міндеттері:Қар тазалауға арналған күректер және т.б. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. **(мүсіндеу)**	Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. **(мүсіндеу)** Фетрдан жасалған ұлттық дамытушы ойындарды ойнату. Міндеті:балалардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін және ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру. **Ұлттық құндылық.**	«Қысқы зообақ» Міндеттері: «Қысқы зообақ» тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыруБалаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№45 Серуен - дайындық Тақырыбы: «Жануарлардың қысқа дайындығы»	№46 Серуен - экскурсия Тақырыбы: «Күзгі орманға экскурсия» Мақсаты:	№47 Серуен - қызықтау Тақырыбы: «Қызықтау серуені»	№ 48 Серуен - еңбек Тақырыбы: «Еңбек түбі - береке»	№49Серуен - бақылау Тақырыбы: «Ауа райын бақылау» Мақсаты:

	Мақсаты: Жануарлардың қысқа дайындығы жайлы мағлұмат беру, олардың маусымдық өзгеруін түсіндіру. Көрнекілігі: қоян мен тиіннің суреті. Барысы: Ауа райын, желдің бағытын бақылау. Балаларғажануарлардың қазіргі уақытта қысқа дайындалып жатқанын айту.суреттер арқыл әңгіме жүргізу. Соның ішінде қоян мен тиіннің жазғы жүндерін ауыстыратынын суреттен көрсетіп әңгімелеп, түсіндіру. Аю, кірпі қыста ұйқыға жататынын айту. Д\О «Ұзын құлақ сұр қоян..» (Қимылмен көрсету) Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сбдырды.Ойлы қырлы жерлермен,Ытқып-	Жапырақтарды сарғайып, түсіп жатқанын, түр-түсін, күзгі ағаш ерекшелігін, табиғат құбылысын байқату. Балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. II. Балалардан бүгінгі күн туралы сұрау. Жеңіс бағына саяхатқа баратындарын айту. Жолдан өтерде жол тәртібін сақтауды ескерту. Саябаққа келген соң балалардың назарын саябақтың күзгі көрінісіне аудару. Айналаның сары алтынға боялғанын, ағаштарда әр түрлі әсем түске боялғанын әңгімелету. Далада жапырақ сарғайды, Ұшады айнала қалықтап. Тек шырша бір	Мақсаты: Бақша төңірегін аралау, бақылау, әңгімелеу. Табиғат өзгерістерін қызықтау. Байқағыштық қасиеттерін дамыту, көргенін нақты айта білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау. II. - Қазір жылдың қай мезгілі? Күздің қай айы? Қараша, күздің соңғы айы. Айналада қандай өзгерістерді байқап тұрсыңдар? Қар жауды, күн суыта бастады, т.с.с Балаларға қыс мезгілінің жақын қалғанын айып, оны күздің соңғы белгілері мен қыстың алғашқы белгігілерінен білуге болатынын	Мақсаты:Балабақша ауласында еңбек етіп жүрген адамдардың еңбегіне бақылау жасау. Үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға, сыйлауға үйрету. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылап, айналмақ арқылы желдің бағытын анықтау. II. Бүгінгі күнді бақылап, айналадағы өзгерістерге көз жүгірту. Бақша ауласындағы адамдардың не істеп жатқандарын сұрай отырып, ересектер еңбегін әңгімелету. Күз мезгілінде атқарылып жатқан еңбектерді көрсетіп, әңгімелету. Мақал-мәтелдер.	Балалардың күз мезгілінің соңғы айы – қараша айының ортасындағы ауа райына бақылау жасау. Балаларға әр мезгілдің ерекшеліктерін ажырата білуге, күз мезгілінде, әсіресе қараша айында күн суытып, ақша қар жауатынын әңгімелеу. Барысы I. Ауа райын сұрақ-жауап арқылы бақылату. - Бүгін ауа – райы қандай? - Жел бар ма? - Жел қай бағытта соғып тұр? II. Күз Құстар қайты ән салып, Бұлт торлады аспанды. Қыс келеді жар салып, *Күзгі суық басталды.* Өлең мазмұнын талдау. Күз мезгілінің соңғы

	ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. Жұмбақтар жасыру. Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері айғай, шу. (түлкі) Қ\О «Қояндар» Ойын алаңын сыпыру. Қоқыстан тазалау.	күйден аумайды, Көк жасыл көктемгі қалпында. Жерде жатқан жапырақтардың үстінен жүргізіп, қандай дыбыс шығатынын сұрау. Қалың жапырақ түскен жер қандай, неге ұқсайтынын сұрап, табандары тұрған орынды байқату. III. Ойын «Өз ағашыңды тап», «Кім жылдам» Мақсаты. Байқағыштықтарын, ептіліктерін, зейіндерін, жылдамдықтарын дамыту. IY. Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.	айтып, айналадағы өзгерістерді әңгімелету. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомған теректің, Ақ шалыпты самайын. III. Ойын «Жер, су, ауа», «Ормандағы аю». Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеру, топ болып тату ойнауға үйрету. IY. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалау.	Ердің атын еңбек шығарады. Еңбек түбі – береке. Жұмыстың жаманы жоқ. Бастаған істі тастама. III. Ойын: «Торғайлар мен мысық», «Қасқыр мен қаздар» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, бірігіп ойнауға, татулыққа тәрбиелеу. IY. Еңбек Бау-бақшадағы көкеністерді жинасу. Қураған сабақтарын бір жерге үйю. Мақсаты: Еңбекке баулу, бір-біріне көмек көрсетуге дағдыландыру.	айында болатын өзгерісін, ерекшеліктерді түсіндіру. Соңғы айды «Қара күз» деп атайтынын айту. Айналаны бақылата отырып, қара күзді әңгімелету. III. Еңбек Құстарға жем шашу Мақсаты: Балаларды мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Құстар менің достарым, Құспен қызық аспаным. Жемін, суын, керегін, Күнде апарып беремін. IY. Қ\О «Қыз қуу» Мақсаты: Балаларға ұлттық ойындарды ойнату. Ұлтын сүюге тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыстарын арттыру.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды қалыптастыру.Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Асқа бата беру. **Бір тұтас тәрбие.**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормкаларын дамыту)** «Күй күмбірі» - балалардың музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну.Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың іс-дербес әрекеті	«Төрт түлік» Міндеттері: Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар,	Топтағы көліктерді санату, салыстыру. Жиын жасату. **(математика негіздері)**	Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар мен	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттері. Міндеттері: Құрастыру және

	жұмыстарын орындату. Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)** Оқтау тартыс ойынын ойнату.	қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау **(математика негіздері)** «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Міндеттері: Өз ойларын айтқызу. Топтағы қыс мезгіліне дайындық жұмысын жоспарлап қатыстыру. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. **(жапсыру)**	«Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» **Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары** Міндеттері: Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. **(мүсіндеу, жапсыру)**	нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; **(жапсыру)** Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу,** **жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға заттардың сапалары мен қасиеттерін:сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру	Топтағы балалармен жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру; - пішінін, түсі мен көлемін, ескере	Балаларға суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруді баулу.	Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуісжоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру	Қоршаған ортадағы заттарды, кеңістікті бағдарлауды меңгерту.

		отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруды үйрету.			
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Пішіндер әнін айтқызу «Торғай» тв **(музыка)** Еркін ойындар	Еркін ойындар Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды қайталау; **(дене шынықтыру)**	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. **(муызка)** Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Поезд»	Балабақша ауласында өсетін жидектерге қарап жидектердің суретін салдырту. **(сурет салу)** Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Қысқа дайындық туралы әңгімелесуді ұсыну. «Өнегелі 15 минут»	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау «Өнегелі 15 минут»	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналармен баланың жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жайлы кеңес беру «Өнегелі 15 минут»	Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу «Өнегелі 15 минут»

.

Тексерілді: Айгүл Адилбекова. А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (18.11-22.11.24ж)

Апта дәйек сөзі: «Татулық - табылмас бақыт» Нақыл сөз

Тәрбиешілер: Бердаулетова Г.К, Джансеитова Э.Р

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 25.11.2024**	**Сейсенбі 26.11.2024**	**Сәрсенбі 27.11.2024**	**Бейсенбі 28.11.2024**	**Жұма 29.11.2024**
Балаларды қабылдау	«Көңілді күн»музыкасын қосып көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Тазалықтарына мән беру. Балаларды соңғы жаңалықтарды айтып беруге тарту. Сықирлы сандықты көрсетіп одан ертегілер әлемінен келген кейіпкерді алып таныстыру. Ертегі айтып беру және қуыршақ немесе үстел үсті театрын қолданып ойнауына жағдай жасау **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, **кеңес, әңгімелесу**	Балаларды қабылдау барысында ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті **(баяу қимылды, үстел үсті ойындары,** **бейнелеу іс- әрекеті,** **кітаптарды қарау және басқалар)**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.				
	Суретші қай жерде қателесті?» Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба	«Айырмашылы ғын тап» Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын	«Сипап сезу арқылы санау» Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім	“Сұрақ – жауап” ойыны. Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру.

	алға үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. **Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту**	(артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. **Математика негіздері**	жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіру,еңбекке баулу. **Қоршаған ортамен таныстыру**	**Сөйлеуді дамыту**
Ертеңгілік жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **КАРТОТЕКА №13** «Гүлдерді үрлейміз» Мақсаты:1.Жүру,жұптасып жүргізу,бір қатарға тұрып жүру,аяқтың ұшымен жүріп келе жатып қолды жоғары күнге қарай созу. 2. «Қол жаттығуы». Екі аяқты иық денгейіне қою.Оң қолды көтеріп түсіру..Сол қолды көтеріп түсіру. 3. «Тербелу» жаттығуы. Еденге отыру.Аяқтар иық кеңдігінде.Екі қолды артқа қойып тербелеміз. Оң аяқты көтеріп,аяқтың ұшымен түзейміз..Сол аяқты көтеріп,аяқтың ұшын түзейміз. 4. «Алға еңкею». Саусақтарды айқастыра ұстап,жерде отыру.Алға иіліп,аяқтың ұшына жету. 5. «Секіру» жаттығуы. Оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру. 6.Тыныс алу жаттығуы:				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке **дайындық**	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуі, жақсы тілектер тілеуін жасату «Ертегілер елінде» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған **іс-әрекет**	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Дене шынықтыру (маман жоспары)** **Музыка (маман жоспары бойынша)**	**Музыка (маман жоспары бойынша)** **Дене шынықтыру(маман жоспары)**	**Қазақ тілі** Қазақ тілі Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу

	Ертегіні жақсы көре ме? Қандай кейіпкерлері бар ертегілерді тыңдағанды ұнатады? Ертегіні қалай тыңдаған ұнайды? Үстел үсті, саусақ, көлеңкелі театрмен таныстыру. Балалардың сұранысы бойынша үстел үсті театрын пайдаланып ертегі айтып беру. Балалардың өздеріне пайдалануға ертегіні қайталап айтуға немесе ойдан шығаруға мүмкіндік беру. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**	Көлеңкелі театр арқылы ертегі қойылымын тамашалату. Балалардың өздері қайталауға талпындыру. (сөйлеуді дамыту) Кейіпкер Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің көлемін сақтап мүсіндету. **(мүсіндеу)** **«**Ай мен жұлдыз» мультфилімін тамашалау. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем әдебиет**	Ғажайып қоржын ойын ойнату. Әр бала қоржыннан бір затты ұстайды, қоржыннан шығармай заттың пішінін, неден жасалғанын неге ұқсайтынын сипаттайды. Балалар сипаттауына қарай затты атап табуын үйрету. **(математика негіздері)** Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(құрастыру)**	Балалақшаның ұлттық бұрышына бару. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Фланелеграф тақтасында жапсырып көруді ұйымдастыру. Қоржыннан алған заттарын мүсіндеп, суретін салдырту **(мүсіндеу, сурет салу)** **«Шертпе» ойынын ойнату Ойынның мақсаты:**ой-өрісін,икемділігін, шапшаңдығын,ұлттық ойынға деген арттыру. **Ұлттық құндылық.**	Ертегі кейіпкерлерін санау, салыстыру **(математика негіздері)** «Мен ертегі кейіпкері болсам» тақырыбында әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. **(сөйлеуді дамыту**
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).				
Серуен	№45 Серуен - дайындық Тақырыбы: «Жануарлардың қысқа дайындығы» Мақсаты: Жануарлардың қысқа дайындығы жайлы мағлұмат беру, олардың маусымдық өзгеруін түсіндіру. Көрнекілігі: қоян мен тиіннің суреті. Барысы: Ауа райын, желдің бағытын бақылау. Балаларғажануарлардың қазіргі уақытта қысқа дайындалып жатқанын айту.суреттер арқыл әңгіме	№46 Серуен - экскурсия Тақырыбы: «Күзгі орманға экскурсия» Мақсаты: Жапырақтарды сарғайып, түсіп жатқанын, түр-түсін, күзгі ағаш ерекшелігін, табиғат құбылысын байқату. Балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылау. II. Балалардан бүгінгі күн туралы сұрау. Жеңіс бағына саяхатқа баратындарын айту. Жолдан өтерде жол тәртібін сақтауды ескерту. Саябаққа келген соң балалардың назарын саябақтың	№47 Серуен - қызықтау Тақырыбы: «Қызықтау серуені» Мақсаты: Бақша төңірегін аралау, бақылау, әңгімелеу. Табиғат өзгерістерін қызықтау. Байқағыштық қасиеттерін дамыту, көргенін нақты айта білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау. II. - Қазір жылдың қай мезгілі? Күздің қай айы? Қараша, күздің	№ 48 Серуен -еңбек Тақырыбы: «Еңбек түбі - береке» Мақсаты:Балабақша ауласында еңбек етіп жүрген адамдардың еңбегіне бақылау жасау. Үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға, сыйлауға үйрету. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын бақылап, айналмақ арқылы желдің бағытын анықтау. II. Бүгінгі күнді бақылап, айналадағы өзгерістерге көз жүгірту. Бақша ауласындағы адамдардың не істеп жатқандарын сұрай отырып, ересектер еңбегін әңгімелету. Күз мезгілінде атқарылып жатқан еңбектерді көрсетіп, әңгімелету.	№49 Серуен - бақылау Тақырыбы: «Ауа райын бақылау» Мақсаты: Балалардың күз мезгілінің соңғы айы – қараша айының ортасындағы ауа райына бақылау жасау. Балаларға әр мезгілдің ерекшеліктерін ажырата білуге, күз мезгілінде, әсіресе қараша айында күн суытып, ақша қар жауатынын әңгімелеу. Барысы I. Ауа райын сұрақ-жауап арқылы бақылату. - Бүгін ауа – райы қандай? - Жел бар ма? - Жел қай бағытта соғып тұр? II. Күз Құстар қайты ән салып, Бұлт торлады аспанды. Қыс келеді жар салып, *Күзгі суық басталды.* Өлең мазмұнын талдау. Күз мезгілінің соңғы

	жүргізу. Соның ішінде қоян мен тиіннің жазғы жүндерін ауыстыратынын суреттен көрсетіп әңгімелеп, түсіндіру. Аю, кірпі қыста ұйқыға жататынын айту. Д\О «Ұзын құлақ сұр қоян..» (Қимылмен көрсету) Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сбдырды. Ойлы қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің.	күзгі көрінісіне аудару. Айналаның сары алтынға боялғанын, ағаштарда әр түрлі әсем түске боялғанын әңгімелету. Далада жапырақ сарғайды, Ұшады айнала қалықтап. Тек шырша бір күйден аумайды, Көк жасыл көктемгі қалпында. Жерде жатқан жапырақтардың үстінен жүргізіп, қандай дыбыс шығатынын сұрау. Қалың жапырақ түскен жер қандай, неге ұқсайтынын сұрап, табандары тұрған орынды байқату. III. Ойын «Өз ағашыңды тап», «Кім жылдам» Мақсаты. Байқағыштықтарын,ептіліктерін, зейіндерін,	соңғы айы. Айналада қандай өзгерістерді байқап тұрсыңдар? Қар жауды, күн суыта бастады, т.с.с Балаларға қыс мезгілінің жақын қалғанын айып, оны күздің соңғы белгілері мен қыстың алғашқы белгігілерінен білуге болатынын айтып, айналадағы өзгерістерді әңгімелету. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомған теректің, Ақ шалыпты самайын. III. Ойын «Жер, су, ауа», «Ормандағы аю». Мақсаты:	Мақал-мәтелдер. Ердің атын еңбек шығарады. Еңбек түбі – береке. Жұмыстың жаманы жоқ. Бастаған істі тастама. III. Ойын: «Торғайлар мен мысық», «Қасқыр мен қаздар» Мақсаты: Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, бірігіп ойнауға, татулыққа тәрбиелеу. IY. Еңбек Бау-бақшадағы көкеністерді жинасу. Қураған сабақтарын бір жерге үйю. Мақсаты: Еңбекке баулу, бір-біріне көмек көрсетуге дағдыландыру.	айында болатын өзгерісін, ерекшеліктерді түсіндіру. Соңғы айды «Қара күз» деп атайтынын айту. Айналаны бақылата отырып, қара күзді әңгімелету. III. Еңбек Құстарға жем шашу Мақсаты: Балаларды мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Құстар менің достарым, Құспен қызық аспаным. Жемін, суын, керегін, Күнде апарып беремін. IY. Қ\О «Қыз қуу» Мақсаты: Балаларға ұлттық ойындарды ойнату. Ұлтын сүюге тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыстарын арттыру. Мақал Сіз деген - әдеп, Біз деген – көмек.

	Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. Жұмбақтар жасыру. Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері айғай, шу. (түлкі) Қ\О «Қояндар» Ойын алаңын сыпыру. Қоқыстан тазалау.	жылдамдықтарын дамыту. IY. Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.	Балалардың көңіл-күйін көтеру, топ болып тату ойнауға үйрету. IY. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалау.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Табиғи ресурс суға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Асқа бата беру. **Бір тұтас тәрбие.**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				

	«Күй күмбірі» - балалардың музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** .				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**				
Балалардың іс-дербес әрекеті	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(сөйлеуді дамыту)** Дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын бекіту бойынша ертегі кейіпкерлеріне арнап үйлерді құрастыру, бейнесін жасату,	Ай мен жұлдыздың мүсінін жасату және қағаздан қиып жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру) Өздеріне ұнайтын ертегілерді сахналату**.** **(көркем әдебиет)**	Құрастыру және шығармашылық бағытында балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер жасату. Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді қиып	Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(құрастыру)** Ғажайып қоржын бейнесіне оюларды қиып жапсырту. **(жапсыру)**	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды (бас, аяқтар, қолдар). ойыншықтарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруын үйретіп дамыту **(математика негіздері)** Ұлттық бұрышта танысқан оюларын қиып жапсыруды ұйымдастыру. **(жапсыру**)

	суретін салдырту. **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)**		жапсырып сәндету. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)**		
Балалармен жеке жұмыс	Пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруын ынталандыру.	Топтағы балалармен аңдардың суретін салу дағдыларын жетілдіру; - пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруды үйрету.	Балаларға шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау; -тілдік қарым-қатынас мәдениетін дұрыс қолдану; -оқиғаны эмоционалды қабылдауға ынталандыру.	Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. -Құрылыс материалдарынан құрастыруды үйрету.	Топта қалған балаларға дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен салуды үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Видео материал арқылы ән айтып, би билету. **(музыка)** Еркін ойындар **«Қауіпсіздік ережелері» -** жол қозғалысы ережелерін үйрету	Конструктордан сандық құрастыру дағдыларын қалыптастыру **(құрастыру)** Еркін ойындар Дидактикалық ойын: **«Не істеу керек, табамыз»**	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. **(муызка)** Еркін ойындар Дидактикалық ойын: **«Кім алғыр?»**	Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Еркін ойындар	Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды пысықтау; **(дене шынықтыру)** Еркін ойындар

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Анасының көмекшісі тақырыбында әңгімелесу «Өнегелі 15 минут»	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналарға күн тәртібін, балабақшаға келу уақытын сақтауды естеріне сал «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналарға отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде жеке кеңес беру «Өнегелі 15 минут»	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау «Өнегелі 15 минут»

.

Тексерілді: Әдилбекова А

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта

Білім беру ұйымы:ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (02.12. – 06.12.24жж)

Апта дәйек сөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

Тәрбиешілер: Джансеитова.Э.Р

Бердаулетова Г.К

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 02.12.2024ж**	**Сейсенбі 03.12.2024ж**	**Сәрсенбі 04.12.2024ж**	**Бейсенбі 05.12.2024ж**	**Жұма 06.12.2024ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі.табиғат бұры шында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту.	«Шар және цилиндр».Геометрия лық денелерді танып, атап үйренеді. « Қандай пішін жетіспейді?» **Математика негіздері**	Әңгіме: « Менің тобым»Д/о: «Жаман-жақсы» сөздерді салыс тыру арқыллы әңгіме құра алады. **Коммуникативтік дағды**	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». жыл мезгілінің ерекшеліктері мен	Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "ompы" түссе, ойыншы ұтысқа ие болады.**Бір тұтас тәрбие**

	Қоршаған ортамен танысу,экологиялық мәдениет			өзгерістерін айтады.**Қоршаған ортамен танысу, экологиялық тәрбие**	
Ертеңгілік жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті **КАРТОТЕКА №13** «Гүлдерді үрлейміз» Мақсаты:1.Жүру,жұптасып жүргізу,бір қатарға тұрып жүру,аяқтың ұшымен жүріп келе жатып қолды жоғары күнге қарай созу. 2. «Қол жаттығуы». Екі аяқты иық деңгейіне қою.Оң қолды көтеріп түсіру..Сол қолды көтеріп түсіру. 3. «Тербелу» жаттығуы. Еденге отыру.Аяқтар иық кеңдігінде.Екі қолды артқа қойып тербелеміз. Оң аяқты көтеріп,аяқтың ұшымен түзейміз..Сол аяқты көтеріп,аяқтың ұшын түзейміз. 4. «Алға еңкею». Саусақтарды айқастыра ұстап,жерде отыру.Алға иіліп,аяқтың ұшына жету. 5. «Секіру» жаттығуы. Оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру. 6.Тыныс алу жаттығуы:				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы	Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ	Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып Салыстыруды пысықтау

		бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.	балалармен талқылау.	салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)**		**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)** **Музыка(маман жоспары бойынша**	**Музыка(маман жоспары бойынша)** **Дене шынықтыру(маман жоспары бойынша)** .	**Қазақ тілі** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.
	«Шеберін-ай Аяздың!» М. Жаманбалинов Шеберін-ай аяздың: Суреттерді әр үйге, Әйнектерді қағаз ғып, Әйнектердің бәріне, Әшекейлеп қойыпты,	«Үш аю», «Түлкі мен тырна » ертегілерін естеріне түсіру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар,	Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың пікірлерін тыңдау. Қыс мезгілінде ата аналарына қалай	Ұлттық ыдыс-аяқ, тостағанды әшекейлеу. Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен	Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.

	Түнде салып береді, Бірнеше ою ойыпты Көзі қалай көреді? Тақпақты жаттату, Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Қыс туралы жаңылтпашты қайталап айтуын ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** Терезеге қарап, аяздың салған өрнектерін салу, балалардың қалауы бойынша бояу немесе қаламдарды пайдалану. **(сурет салу)**	ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. **(көркем әдебиет)** Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету Ермексаздан фигураларды жасату**. (математика негіздері)**	көмектесуге болатын бейнеленген суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ойын «Тілді жалпақ қыл» **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Д/О**«Ретімен орналастыр» **Мақсаты:**Балалардың Ойлау қабілетін дамыту. **Шарты:**1 ден 5 кедейінгі сандар жатады.Балалар сол сандарды ретімен орналастыруы керек. **(математика негіздері)**	таныстыру. Бұл ыдыстарды тұрмыста тұтынатыны туралы балаларға түсінік беру. Тостағанды дәстүрден тыс жолдармен әшекейлеуді үйрету. Балалардың саусақ икемдіктерін қалыптастыра отырып, суретке деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамдарын бекіту. **Ұлттық құндылық**	Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.) Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер) Торғайлар қыста немен қоректенеді? (дәндермен, қалдықтармен.) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.) **сөйлеуді дамыту**

					«Ғажайып қоржын» ойынын ойнату. Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау. Атауын айту дағдысын дамыту. **(математика негіздері)**
Екінші таңғы ас	Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	**№1 Серуен – жаңалық** Тақырыбы: «Қыс келді» Мақсаты: Балаларға қыс туралы түсінік беру жыл мезгілінің ерекшелігін айтуға көргендерін дұрыс айта білуге үйрету. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу . Барысы: І. Балаларды серуенге шығарып , ауа-райына назарларын аудару. - Бүгін қыстың 1-ші күні. - Ауа-райы қандай ? - Қыста адамдар қалай	**№2 Серуен - бақылау** Тақырыбы: «Ағаштарды бақылау» Мақсаты: Қыс мезгілінің түсуімен ағаштарды қырау басқанын қыс бойы ағаштар демалып , көктем мезгілінде оянатынын, тек шырша ағашы ғана ешбір, өзгеріссіз сол қалпында қалатынын түсіндіру, тілдік қорын дамыту. Барысы: І. Балаларды	**№3 Серуен – жұмбақ** Тақырыбы: «Серуен-жұмбақ» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін, зейінін, тіл қорын дамыту, тапқырлыққа үйрету. Барысы: І. Бүгінгі ауа райын бақылау. Аспанды бақылату. ІІ. Қыстың ерекшелігін әңгімелету, қыста болатын құбылыстарды түсіндіру және жұмбақтар жасыру. Жұмбақтар: Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тонады.	**№4 Серуен - ізденіс** Тақырыбы: «Кішкентай із кесушілер» Мақсаты: Қыстың негізі қар екенін түсіндіре келе қардың жылы жерде еритінін, суға айналатынын, оның жұмсақ, ұлпа қар деп аталатынын айту. Сондықтан қардың бетіне із түсетінін айтып, қар бетіндегі іздерді ажырату. Ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Денсаулықтарын	**№5 Серуен - өнер** Тақырыбы: «Қылқалам шеберлері» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерешелігін әңгімелеу, айналадығы ағаштарға, ойын алаңындағы құмсалғышқа т.б. бақылау жасату, олардың қыстағы көрінісін әңгімелеу. Қар бетіне қысқы орманның бейнесін бейнелету. Барысы: І. Бүгінгі ауа райын бақылау. Жыл мезгілі жайлы кіріспе сұрақтар қою.

	киінеді ? Қыстап қалған құстарды атаңдаршы ? II. Балалар, мына жұмбақты шешіп көріңдерші. Жұмбақ. Далада қар борайды , Ақ мамыққа орайды. Мұз болады – қатады Жып – жылтыр боп жатады. (Қар) Дұрыс шештіңдер, қар қай кезде болады? Иә, бізде қыс мезгілі басталды, енді қар жауатын болады. III. Ойын: «Қуаласпақ», «Соқыр теке» . Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын орттыру, көніл-күйлерін көтеру. IY. Еңбек: Ойын елауын қоқыстарын тазалау. Мақсаты: Еңбек етуге, істеген ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету.	балабақша ауласына саяхатқа шығару. Балабақша маңындағы ағаштарды бақылау. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі ? - Қыс айларын атайықшы. - Бүгін ауа-райы қандай ? - Ағаштарға қараңдаршы , нені байқадыңдар ? Ағаштарды қырау басты , ағаштар қыс бойы демалып, тек көктем мезгілінде оянады. Шырша ағашына қараңдаршы, түсі қандай ? Жапырағы бар ма ? т.б. Жұмбақ. Жапырақсыз сидиып Жабырқаулы бар ағаш Көк шапанын жамылып Құлпырады қай ағаш ? (Шырша) Тікен-тікен тік пісте	(Қар) Жаззда қыдырады, қыста тыныгады. (Аю) Орманда турады , өзі бір қу, Жүрген жері айқай мен шу. (Түлкі) Орғыған қорқақ, көзі қыли, Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді. (Қоян) III.Ойын: «Қояндар мен қасқыр» , «Қаршалар». Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын арттыру, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. IY. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: Топпен еңбек етуге, бір-біріне көмек көрсете білуге үйрету.	сақтауға тәрбиелеу. Барысы: I. Бүгінгі ауа райын, қардың жапалақтап түсуіне бақылау жасау. II. – Дала аппақ, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Ағашта ақ. шатырда ақ, Бұның бәрі неге аппақ?, - деп балаларға ой тастау. Қардың түсі ақ, ол жұмсақ болғандықтан «ұлпа қар» деп аталады. Ол суық, әрі жылы жерде ериді. Қарды жалаңаш қолға ұстамайды. Қар жұмсақ әрі жеңіл болғандықтан онда әртүрлі іздер қалады. III. Д\О «Бұл ненің ізі?» Қардағы құстардың, аңдардың (ит, мысық, т.б) іздерін салыстырып, ажырату. Д\О «Бұл кімнің ізі?	II. Жұмбақ шешу Қаптап түсіп, Қатталып жатыр. Қатталып жерде, Тапталып жатыр. (Қар) Қардың қасиеттерін әңгімелеу, «қарға із қалатынын білесіңдер» деп алып шыққан таяқшаларымен қар бетіне қысқы құбылыстардың бейнелерін салғызу. (Сурет салу кезінде әңгіме жүргізіп отыру). III. Д\О «Дұрыс қайтала» Жаңылтпаш «Боран болар, боран болар, Боран борар, жол орар». IY. Белгіленген жерге қар үю. Аяқ – қолдарын қағып, саппен топқа оралу

		Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) II. Ойын: «Үйректер мен аңшы» , «Айгөлек» Мақсаты: Ойын шартын бұзбай тату ойнауға үйрету, жылдамдықтарын дамыту. III. Еңбек: Ауланы қоқыстардан тазала		Енді өздерінің ізін қарға салып, іздерін салыстырып, қандай екенін әңгімелеу. IY. Белгіленген жерге қарды күрекшелерімен күреп, үю. Аяқтарын, қолғаптарын қағып, сапқа тұрып топқа қайту.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
